



Төменде динамикті қолдану жолы түсіндірілген. Навигация панелінен тақырыпты таңдаңыз.

Жұмысқа кірісу

[Бөлшектері мен басқару элементтері](#)

Қамтылған элементтер

- [Бауды қолдану.](#)

Қуат көзі/зарядтау

- [Динамикті зарядтау.](#)
- [Қуатты қосу.](#)
- [Қуатты өшіру.](#)
- [Қуатты автоматты түрде өшіру функциясы](#)

Байланыс орнату

BLUETOOTH

- [BLUETOOTH® құрылғыларымен жұптастыру және оларға жалғау.](#)

[BLUETOOTH байланысы арқылы компьютерге жалғау_\(Windows\)](#)

[BLUETOOTH байланысы арқылы компьютерге жалғау_\(Mac\)](#)

Музыка тыңдау

BLUETOOTH құрылғысы

[Құрылғыдағы музыканы BLUETOOTH байланысы арқылы тыңдау.](#)

[BLUETOOTH арқылы аудио ағынын ойнату сапасын \(кодек\) таңдау.](#)

[BLUETOOTH байланысын ажырату_\(пайдаланғаннан кейін\).](#)

Динамикті қосу функциясы

[Музыканы 2 динамикпен сымсыз тыңдау_\(Динамикті қосу функциясы\)](#)

[Қос режим мен стерео режим арасында ауысу_\(Динамикті қосу функциясы\)](#)

[Динамикті қосу функциясын өшіру.](#)

[Тасымалы аудио құрылғыдағы, т.б. музыканы тыңдау.](#)

Телефон қоңыраулары

[Қоңырау қабылдау.](#)

[Қоңырау шалу.](#)

Дауыстық көмек функциясын пайдалану

[Дауыстық көмек функциясын пайдалану_\(Google қолданбасы\)](#)

[Дауыстық көмек функциясын пайдалану_\(Siri\)](#)

Ақпарат

[Индикаторлар туралы мәлімет](#)

Пайдалануға қатысты ескертпелер

[Сақтық шаралары](#)

[Зарядтауға қатысты ескертпелер](#)

[Су өткізбеуші және шаң өткізбеуші мүмкіндіктері туралы ескертпелер](#)

[Динамикке күтім жасау әдісі](#)

[BLUETOOTH сымсыз технологиясы туралы мәлімет](#)

[Сауда белгілері](#)

[Бағдарлама бойынша ескертпелер](#)

Ақауды жою

Мәселені шешу үшін қандай әрекеттерді қолдануға болады?

Қуатпен қамтамасыз ету

- [Динамикті зарядтау мүмкін емес](#)
- [Динамикті қосу мүмкін емес немесе динамик кенет өшіп қалады](#)

Дыбыс

- [Дыбыс жоқ/дыбыс бұрмаланады/динамиктен быжылдаған дыбыс не шу естіледі/қоңырау шалушылардың дауысы естілмейді](#)
- [Пайдаланып отырған кезде дыбыс деңгейі төмендеп кетеді](#)


BLUETOOTH

- [Динамикті BLUETOOTH құрылғысымен жұптастыру мүмкін емес](#)
- [Динамикке BLUETOOTH құрылғысын Динамикті қосу функциясымен жалғау мүмкін емес](#)

Қалпына келтіру

- [RESET түймесін қолдану](#)
- [Динамиктің бастапқы параметрлерін орнату](#)

Бөлшектері мен басқару элементтері



1. (қуат)/ PAIRING түймесі
2. / (дыбыс деңгейі) түймелері
3. (ойнату)/ (қоңырау) түймесі
4. ADD түймесі
5. Бау тесігі
6. Қуат/ (BLUETOOTH) индикаторы (көгілдір)
7. L (сол жақ)/R (оң жақ) индикаторлары (ақ)
8. MIC (микрофон)
9. CHG (зарядтау) индикаторы (сарғылт)
10. DC IN 5V ұясы*
11. RESET түймесі
12. AUDIO IN ұясы
13. Қақпақ
14. Бау

* Динамикті зарядтау үшін осы ұяға USB AT адаптерін жалғаңыз.

Қатысты тақырып


- [Индикаторлар туралы мәлімет](#)

Бауды қолдану


Динамикті сөмкеге немесе рюкзакқа динамикке бекітілген баумен байлап қоюға болады.

Баумен байланған құрылғыны қолдану


1. Ұзын белдікті бекіту түймесінен алыңыз.



2. Белдікті сөмкеңіздің тұтқасынан немесе соған ұқсас заттан өткізіңіз.




3. Белдікті бекіту түймесіне айналдырып қайтарыңыз.




Бауды бекіту

Динамиктен ағытқан бауды төмендегі процедураны орындау арқылы қайта бекітуге болады.

1. Қысқа белдікті динамиктің бау тесігінен өткізіп (①), қысқа белдікті бекіту түймесімен бекітіңіз (②).



2. Ұзын белдіктің екінші ұшын бекіту түймесімен бекітіңіз.



Ескерту

- Бірге берілген баудан басқа ештеңені қолданбаңыз.
- Белдікті қайта бекіткен болсаңыз, белдік пен түйме мықтап бекітілгеніне көз жеткізіңіз.
- Динамикке бекітілген бауды қатты тартпаңыз немесе динамик әрі-бері қатты жұлқыламаңыз.
- Бауды динамиктен басқа ешбір құрылғымен қолданбаңыз.


Динамикті зарядтау

Динамикті USB AT адаптерімен (сатып алуға болады) AT розеткасына жалғау арқылы немесе кірістірілген батареямен қолдануға болады.


Динамикті алғаш рет қолданған кезде, қуатты қосудан бұрын, кірістірілген батареяны 1 сағаттан астам уақыт зарядтаңыз. Қолданудан бұрын зарядтау арқылы динамикті кірістірілген батареямен қолдануға болады.

1 Динамикті зарядтау үшін оны AT розеткасына немесе қосылған компьютерге жалғаңыз.

- AT розеткасынан зарядтаған кезде micro-USB кабелін (бірге берілген) динамиктегі DC IN 5V ұясына жалғаңыз, одан кейін екінші ұшын USB AT адаптеріне жалғаңыз (сатып алуға болады). Содан кейін USB AT адаптерін AT розеткасына қосыңыз.




- Қосылған компьютерден зарядтаған кезде micro-USB кабелін (бірге берілген) динамикке жалғап, екінші ұшын қосылған компьютерге жалғаңыз.



Зарядтау аяқталған кезде, ▲ белгісі бар жағы жоғары қарап тұрғанына көз жеткізіп, қақпақты мықтап жабыңыз.

Қақпақ су өткізбеу және шаң өткізбеу өнімділігінің сипаттамасында өте маңызды рөл атқарады.



Зарядталып жатқан кезде CHG (зарядтау) индикаторы сарғылт түспен жанады. Зарядтау шамамен 4 сағат 30 минутта* аяқталып, индикатор өшеді.

Динамик шығыс тогы 500 мА не одан көп USB AT адаптерін (сатып алуға болады) қолдайды. Дегенмен USB стандартына сәйкес келетін бірге берілген micro-USB кабелін немесе micro-USB кабелін қолданған жөн. Басқа құрылғыдан зарядталатынына кепілдік берілмейді.

* Динамик өшкен кезде, бос батареяны толық зарядтауға кететін уақыт.

Зарядтаудың аяқталуын тексеру

Динамикті AT розеткасына немесе қосылған компьютерге жалғаған кезде кірістірілген батарея толығымен зарядталған болса, CHG (зарядтау) индикаторы сарғылт түспен жанып, одан кейін шамамен 1 минуттан кейін өшеді.

Литий-ион батареясының жарамдылық мерзімі (BLUETOOTH байланысы арқылы ойнатқан кезде)

- Шамамен 16 сағат
Динамиктің дыбыс деңгейі 27-ге орнатылған кезде.
- Шамамен 5 сағат
Динамиктің дыбыс деңгейі ең жоғары мәнге орнатылған.

Жоғарыда көрсетілген кірістірілген батареяның пайдалану мерзімі белгіленген музыка көзін қолданып өлшенген. Дыбыс деңгейіне, ойнатылған әндерге, айнала температурасына және қолдану жағдайларына байланысты іс жүзіндегі жұмыс істеу мерзімі тізімде көрсетілгеннен өзге болуы мүмкін.

Кірістірілген батареяның заряды азайған кезде

CHG (зарядтау) индикаторы сарғылт түспен баяу жыпылықтап тұрса, демек батарея заряды азайған және оны зарядтау қажет.

Тұспал

- Динамикті қосылған компьютерге micro-USB кабелімен жалғау арқылы да зарядтауға болады. Дегенмен барлық компьютерлермен жұмыс істейтініне кепілдік берілмейді. Сондай-ақ үйде құрастырылған компьютерлерге жалғау әрекеттері кепілдікпен қамтылмайды.
- Пайдаланылып жатқан динамикті ол AT адаптерімен (сатып алуға болады) AT розеткасына жалғанып тұрғанда немесе қосылған компьютерге жалғанып тұрғанда зарядтауға болады. Мұндай жағдайда динамик өшіп тұрғанда зарядтаумен салыстырғанда, пайдалану шарттарына байланысты кірістірілген батарея ұзағырақ зарядталуы мүмкін. Сондықтан зарядтаған кезде динамикті өшіріп қойған жөн.

Ескерту

- Динамикті жоғары дыбыс деңгейінде пайдаланған кезде, динамик тіпті АТ розеткасына немесе қосылған компьютерге жалғанып тұрғанда, кірістірілген батареяның заряды азаюы мүмкін. Динамикті зарядталып жатқанда қолданғыңыз келсе, оның дыбыс деңгейін төмендетіңіз. Немесе динамикті өшіріп, кірістірілген батареяны жетерліктей зарядтаңыз.
- Динамикті ұзақ уақыт жоғары дыбыс деңгейінде пайдаланған кезде, динамик тіпті АТ розеткасына немесе қосылған компьютерге жалғанып тұрғанда, кірістірілген батареяның заряды азаюы мүмкін. Соның салдарынан дыбыс деңгейі төмендейді. Бұл ақаулық емес. Динамикті өшіріп, кірістірілген батареяны жетерліктей зарядтаңыз.
- Кірістірілген батареяның заряды азайған кезде, ең жоғары шығыс қуаты төменірек болады.
- Аса суық немесе ыстық жерде зарядтау қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін тоқтайды. Зарядтауға көп уақыт кетсе, динамиктің зарядталуы да тоқтайды. Осы мәселелерді шешу үшін micro-USB кабелін ағытып, 5 °C–35 °C аралығындағы жұмыс температурасында оны қайта жалғаңыз.
- Динамикке су шашырайтын жерде зарядтамаңыз.
- Осы динамиктің бірге берілген аксессуарлары мен коннекторлары (USB/AUDIO IN) судан немесе шаңнан қорғалмаған.
- Динамикті ұзақ уақыт пайдаланғыңыз келмегеннің өзінде, оның жұмыс өнімділігін сақтау үшін кірістірілген батареяны 6 ай сайын толық зарядтап отырыңыз.


Қатысты тақырып

- [Қуатты қосу](#)
- [Зарядтауға қатысты ескертулер](#)

Қуатты қосу

1 (қуат)/ PAIRING түймесін басыңыз.

Қуат/  (BLUETOOTH) индикаторы көгілдір түспен жыпылықтайды.



Сатып алғаннан кейін динамикті алғаш рет қосқан кезде немесе динамикте ешқандай жұптастыру ақпараты сақталмаған болса, қуат/  (BLUETOOTH) индикаторы көгілдір түспен жылдам жыпылықтай бастайды.



Ескерту

- Динамикті қосқан кезде CHG (зарядтау) индикаторы 3 рет жыпылықтап, өшсе, демек кірістірілген батарея заряды таусылған. Бұл күйде динамик автоматты түрде өшеді. Кірістірілген батареяны зарядтаңыз.
- CHG (зарядтау) индикаторы баяу жыпылықтап тұрса, демек кірістірілген батарея заряды азайған және оны зарядтау қажет.


Қатысты тақырып

- [Қуатты өшіру](#)
- [Динамикті зарядтау](#)

Қуатты өшіру

- 1  (қуат)/  PAIRING түймесін басыңыз.

Қуат/  (BLUETOOTH) индикаторы өшеді.



Қатысты тақырып

- [Қуатты автоматты түрде өшіру функциясы](#)

Қуатты автоматты түрде өшіру функциясы

Динамик қолданылып жатпаса және шамамен 15 минут төмендегі күйлерде тұрса, ол автоматты түрде өшеді. Сатып алған кезде, қуатты автоматты түрде өшіру функциясы қосылып тұрады.

- Жалғанған мобильді телефонның (смартфонның) хендс-фри функциясы өшіп тұруы және мобильді телефонның (смартфонның) музыка (аудио) ойнатып тұрмауы және басқарылып тұрмауы. Толық мәлімет алу үшін мобильді телефонмен бірге берілген пайдалану нұсқауларын қараңыз.
- WALKMAN® сияқты жалғанған BLUETOOTH құрылғысының музыка (аудио) ойнатып тұрмауы және басқарылып тұрмауы.

Ескерту

- Динамик iPhone/iPod touch құрылғысына BLUETOOTH байланысы арқылы жалғанып тұрғанда, қуатты автоматты түрде өшіру функциясы өшіріледі.
- Динамиктің AUDIO IN ұясына аудио кабель жалғанып тұрса, қуатты автоматты түрде өшіру функциясы ажыратылады.

Қуатты автоматты түрде өшіру функциясын қосу/өшіру

1 Динамикті USB AT адаптерімен (сатып алуға болады) AT көзіне жалғаңыз немесе қосылған компьютерге жалғаңыз.

Динамикті кірістірілген батареямен қолданып отырғанда, қуатты автоматты түрде өшіру функциясын қосу/өшіру мүмкін емес.

2 Динамикті қосыңыз.

3 - (дыбыс деңгейі) түймесін және + (дыбыс деңгейі) түймесін бір уақытта шамамен 5 секунд басып тұрыңыз.

- Қуатты автоматты түрде өшіру функциясы өшіп тұрғанда, қуат/  (BLUETOOTH) индикаторы 3 рет көгілдір түспен жыпылықтап, одан кейін индикатор өшеді, содан кейін динамик өшеді.
- Қуатты автоматты түрде өшіру функциясы өшіп тұрғанда, қуат/  (BLUETOOTH) индикаторы 2 рет көгілдір түспен жыпылықтап, одан кейін индикатор өшеді, содан кейін динамик өшеді.

Тұспал

- Сатып алған кезде, қуатты автоматты түрде өшіру функциясы қосылып тұрады.

Ескерту


- Динамикті қосу функциясы немесе хендс-фри функциясы қолданылып жатқанда, қуатты автоматты түрде өшіру функциясын қосу/өшіру мүмкін болмайды.

BLUETOOTH® құрылғыларымен жұптастыру және оларға жалғау


Екінші не одан кейінгі BLUETOOTH құрылғысын жұптастыру үшін әр құрылғы үшін мына жұптастыру процедурасын орындаңыз.

Динамикті пайдаланудан бұрын, мына әрекеттерді орындауды ұмытпаңыз:

- BLUETOOTH құрылғысын динамиктен ең көбі 1 м қашықтықта орналастырыңыз.
- Динамикті USB AT адаптерімен (сатып алуға болады) AT көзіне жалғаңыз немесе қосылған компьютерге жалғаңыз. Немесе кірістірілген батареяны жетерліктей зарядтаңыз.
- BLUETOOTH құрылғысында ойнатуды тоқтатыңыз.
- Динамиктен кенет қатты дыбыс шықпауы үшін BLUETOOTH құрылғысының және динамиктің дыбыс деңгейін төмендетіңіз. BLUETOOTH құрылғысына байланысты оның дыбыс деңгейін динамикпен синхрондауға болады.
- Мәлімет алу үшін BLUETOOTH құрылғысының пайдалану нұсқауларын дайын ұстаңыз.


1 Динамикті қосыңыз.**2 Қуат/Bluetooth (BLUETOOTH) индикаторының күйін тексеріңіз.**

Индикатор жылдам жыпылықтап тұрғанда



Динамик жұптастыру режимінде. 4-қадамға өтіңіз.


Индикатор баяу жыпылықтап тұрғанда



Динамик BLUETOOTH құрылғысын іздеп жатыр.

- Бұдан бұрын тіркемеген (жұптастырмаған) BLUETOOTH құрылғысын жұптастыру үшін **3** -қадамға өтіңіз.
- Бұдан бұрын тіркелген (жұптастырылған) BLUETOOTH құрылғысын қайта жалғау үшін **4** -қадамға өтіңіз. Смартфонда/iPhone құрылғысында BLUETOOTH функциясы қосылса, динамик автоматты түрде жалғанады. BLUETOOTH құрылғысына байланысты динамиктің қуаты қосылғанда, ол қайта жалғануы мүмкін. Толық мәлімет алу үшін BLUETOOTH құрылғысымен бірге берілген пайдалану нұсқауларын қараңыз.

Индикатор жанып тұрғанда




Динамик BLUETOOTH құрылғысына жалғанды.

Басқа BLUETOOTH құрылғыларына жалғану үшін төмендегі процедуралардың бірін орындаңыз.

- Бұдан бұрын тіркемеген (жұптастырмаған) BLUETOOTH құрылғысын жұптастыру үшін **3** -қадамға өтіңіз.
- Бұдан бұрын тіркелген (жұптастырылған) BLUETOOTH құрылғысын қайта жалғау үшін **4** -қадамға өтіңіз. Смартфонда/iPhone құрылғысында BLUETOOTH функциясы қосылса, динамик автоматты түрде жалғанады.

- 3** (қуат)/ PAIRING түймесін сигналдар естіліп, қуат/ (BLUETOOTH) индикаторы көгілдір түспен жылдам жыпылықтай бастағанша басып тұрыңыз.

Динамик жұптастыру режиміне кіреді.



- 4** Динамикті анықтау үшін BLUETOOTH құрылғысында жұптастыру процедурасын орындаңыз.


BLUETOOTH құрылғысының дисплейінде анықталған құрылғылардың тізімі көрінген кезде, «SRS-XB12» құрылғысын таңдаңыз.

BLUETOOTH құрылғысының дисплейінде құпия кілт* сұралса, «0000» кодын енгізіңіз.

* Құпия кілт «құпия код», «PIN коды», «PIN нөмірі» немесе «құпия сөз» деп аталуы мүмкін.

- 5** BLUETOOTH құрылғысынан BLUETOOTH байланысын орнатыңыз.

BLUETOOTH байланысы орнатылған кезде, қуат/ (BLUETOOTH) индикаторы жыпылықтауын тоқтатып, жанып тұрады.



BLUETOOTH байланысы орнатылмаса, ③ -қадамнан қайта бастаңыз.

Тұспал

- Динамикке BLUETOOTH байланысы арқылы жалғанған BLUETOOTH құрылғысында BLUETOOTH функциясы іске қосылғаннан кейін, BLUETOOTH құрылғысын динамикке жай ғана (қуат)/ PAIRING түймесін басу арқылы жалғауға болады.
- BLUETOOTH құрылғысын пайдалану туралы мәлімет алу үшін BLUETOOTH құрылғысының пайдалану нұсқауларын қараңыз.

Ескерту

- Динамиктің жұптастыру режимі шамамен 5 минуттан кейін босатылады да, қуат/ (BLUETOOTH) индикаторы баяу жыпылықтайды. Дегенмен жұптастыру апараты динамикте сақталмаған кезде, мысалы зауыттық параметрлер орнатылғанда, жұптастыру режимі босатылмайды. Жұптастыру режимі процесс аяқталмай тұрып босатылса, ③ -қадамнан қайта бастаңыз.
- Динамиктің құпия кілті: «0000». BLUETOOTH құрылғысында «0000» кодын басқа құпия кілт орнатылған болса, динамикпен жұптастыру мүмкін болмайды.
- BLUETOOTH құрылғылары жұптастырылғаннан кейін, оларды мына жағдайлардан басқа жағдайларда қайтадан жұптастыру қажет емес:
 - Жөндеуден, т.б. жұмыстардан кейін жұптастыру апараты жойылған.
 - Динамик 8 құрылғымен жұптастырылып, тағы бір құрылғымен жұптастыруға әрекет жасалуда. Динамикті ең көбі 8 құрылғымен жұптастыруға болады. 8 құрылғы жұптастырылғаннан кейін, жаңа құрылғы жұптастырылса, осы жаңа құрылғы ең алғаш болып жұптастырылған құрылғыны алмастырады.
 - Динамиктің жұптастыру апараты BLUETOOTH құрылғысынан жойылған.
 - Динамиктің бастапқы параметрлері орнатылған.
Барлық жұптастыру апараты жойылады. Динамиктің бастапқы параметрлерін орнатсаңыз, ол iPhone/iPod touch құрылғысына немесе компьютерге жалғанбауы мүмкін. Мұндай жағдайда iPhone/iPod touch құрылғысындағы немесе компьютердегі динамиктің жұптастыру апаратын өшіріп, жұптастыру процедурасын қайтадан орындаңыз.
- Динамикті бірнеше құрылғымен жұптастыруға болады, бірақ музыка бір уақытта бір жұптастырылған құрылғыдан ғана ойнатылады.
- Динамик пен BLUETOOTH құрылғысы BLUETOOTH байланысы арқылы жалғанып тұрғанда динамиктің AUDIO IN ұясына аудио кабель жалғанса, BLUETOOTH құрылғысынан шығатын дыбыс динамиктен шығарылмайды (хендс-фри функциясы қолжетімді болады). BLUETOOTH құрылғысынан музыка тыңдау үшін динамиктің AUDIO IN ұясынан аудио кабельді ағытыңыз.

Қатысты тақырып

- [Құрылғыдағы музыканы BLUETOOTH байланысы арқылы тыңдау](#)
- [BLUETOOTH байланысын ажырату \(пайдаланғаннан кейін\)](#)



BLUETOOTH байланысы арқылы компьютерге жалғау (Windows)

Жұптастыру дегеніміз — сымсыз жалғанатын BLUETOOTH құрылғыларында ақпаратты екі жақты тіркеу үшін қажетті процесс.

Алғаш рет BLUETOOTH байланысын орнату үшін құрылғыны динамикке жұптастыру қажет. Басқа құрылғыларды жұптастыру үшін дәл осындай процедураларды орындаңыз.

Қолдау көрсетілетін операциялық жүйелер

Windows 10, Windows 8.1, Windows 7 SP1


Іске кіріспес бұрын, мына әрекеттерді орындаңыз.

- Компьютерді динамиктен ең көбі 1 м қашықтықта орналастырыңыз.
- Динамикті USB AT адаптерімен (сатып алуға болады) AT көзіне жалғаңыз немесе қосылған компьютерге жалғаңыз. Немесе кірістірілген батареяны жетерліктей зарядтаңыз.
- Мәлімет алу үшін компьютердің пайдалану нұсқауларын дайын ұстаңыз.
- Компьютерде ойнатуды тоқтатыңыз.
- Динамиктен кенет қатты дыбыс шықпауы үшін компьютердің және динамиктің дыбыс деңгейін төмендетіңіз.

1 Компьютерде динамикті іздеуге дайындалыңыз.

Windows 10 жүйесінде

Экранның төменгі оң жақ бөлігіндегі тапсырмалар тақтасында [🗨️ (Action Center)] – [Connect] пәрмендерін таңдаңыз.



Windows 8.1 жүйесінде

[Start] түймесін оң жақ түймемен басып, одан кейін [Control Panel] тармағын басыңыз.

[All Control Panel Items] көрсетілген кезде, [Devices and Printers] тармағын таңдаңыз.

[All Control Panel Items] орнына [Control Panel] экраны көрінсе, экранның жоғарғы оң жақ бұрышындағы [View by] мәзірінен [Large icons] не [Small icons] пәрменін таңдаңыз.


Windows 7 жүйесінде

[Start] түймесін, одан кейін [Devices and Printers] тармағын басыңыз.



2 Динамикті қосыңыз.


Қуат/  (BLUETOOTH) индикаторы көгілдір түспен жыпылықтайды.



- Сатып алғаннан кейін динамикті алғаш рет қосқан кезде, қуат/  (BLUETOOTH) индикаторы жылдам жыпылықтай бастайды да,  (қуат)/  түймесін басқан кезде, динамик жұптастыру режиміне автоматты түрде кіреді. 4-қадамға өтіңіз.
- Динамикті қосқан кезде, ол соңғы рет жалғанған BLUETOOTH құрылғысымен BLUETOOTH байланысын орнатуға тырысады. Құрылғы жақын жерде болса және оның BLUETOOTH функциясы қосылып тұрса, BLUETOOTH байланысы автоматты түрде орнатылып, қуат/  (BLUETOOTH) индикаторы жанып тұрады. Мұндай жағдайда жалғанып тұрған BLUETOOTH құрылғысының BLUETOOTH функциясын немесе қуатын өшіріңіз.

3 (қуат)/ түймесін сигналдар естіліп, қуат/ (BLUETOOTH) индикаторы көгілдір түспен жылдам жыпылықтай бастағанша басып тұрыңыз.

Динамик жұптастыру режиміне кіреді.




4 Компьютерде динамикті іздеңіз.


Динамикті компьютерге BLUETOOTH байланысы арқылы жалғау

Windows 10/Windows 8.1 жүйесінде


1. Экранның төменгі оң жақ бөлігіндегі Action Center тақтасында [Connect] пәрменін таңдаңыз.



2. [SRS-XB12] құрылғысын таңдаңыз.




Экранда [SRS-XB12] құрылғысы көрінбесе, процедураны 3-қадамнан бастап қайталаңыз. Жұптастырғаннан кейін, BLUETOOTH байланысы автоматты түрде орнатылып, экранда [Connected music] жазуы көрсетіледі. 6-қадамға өтіңіз.




Windows 7 жүйесінде

1. [Add a device] пәрменін басыңыз.



2. [SRS-XB12] құрылғысын таңдап, [Next] пәрменін басыңыз.




Құпия кілт* сұралса, «0000» кодын енгізіңіз.


[SRS-XB12] құрылғысы көрінбесе, әрекеттерді 3-қадамнан бастап қайталаңыз.

* Құпия кілт «құпия код», «PIN коды», «PIN нөмірі» немесе «құпия сөз» деп аталуы мүмкін.

3. Мына экран көрінген кезде, [Close] пәрменін басыңыз.
Компьютер драйверді орната бастайды.



Орнату кезінде [SRS-XB12] белгішесінің төменгі сол жағында «» белгісі көрінеді. «» белгісі жоғалған кезде, драйвер орнату аяқталады. 5-қадамға өтіңіз.



Компьютерге байланысты орнатуға біраз уақыт кетуі мүмкін. Драйвер орнатуға тым көп уақыт кетіп жатса, динамиктің қуатты автоматты түрде өшіру функциясы оны автоматты түрде өшіреді. Мұндай жағдай орын алса, динамикті қайта қосыңыз.


5 Динамикті компьютерде тіркеу.

Windows 10 жүйесінде

Жұптастырғаннан кейін, BLUETOOTH байланысы автоматты түрде орнатылып, экранда [Connected music] жазуы көрсетіледі. 6-қадамға өтіңіз.


Windows 8.1 жүйесінде

1. [Devices] ішінде [SRS-XB12] құрылғысын оң жақ түймемен басып, пайда болған мәзірде [Sound settings] тармағын таңдаңыз.




2. [Sound] экранында [SRS-XB12 Stereo] құрылғысын растаңыз.


- [SRS-XB12 Stereo] құрылғысында құсбелгі (жасыл) болса, **6** -қадамға өтіңіз.




- [SRS-XB12 Stereo] құрылғысында құсбелгі (жасыл) болмаса, келесі қадамға (3-ші қосалқы қадамға) өтіңіз.
- [SRS-XB12 Stereo] құрылғысы көрінбесе, [Sound] экранын оң жақ түймемен басып, пайда болған мәзірде [Show Disabled Devices] тармағын таңдаңыз. Одан кейін келесі қадамға (3-ші қосалқы қадамға) өтіңіз.




3. [SRS-XB12 Stereo] құрылғысын оң жақ түймемен басып, пайда болған мәзірде [Connect] тармағын таңдаңыз.



Динамик жалғанған кезде, [Sound] экранындағы [SRS-XB12 Stereo] құрылғысында құсбелгі пайда болады.
6 -қадамға өтіңіз.



[SRS-XB12 Stereo] құрылғысының [Connect] пәрменін басу мүмкін болмаса, құсбелгісі (жасыл) бар [Default Device] құрылғысының [Disable] пәрменін таңдаңыз.




Windows 7 жүйесінде


1. [Devices] ішіндегі [SRS-XB12] құрылғысын екі рет басыңыз.



2. [Listen to Music] пәрменін басыңыз.




Динамик жалғанған кезде, құсбелгі пайда болады.



6 Қуат/  (BLUETOOTH) индикаторы жыпылықтау күйінен тұрақты жанып тұру күйіне ауысқанын тексеріңіз.

Динамик компьютерге жалғанған кезде, қуат/  (BLUETOOTH) индикаторы жанып тұрады. Компьютерден музыка ойнатуға, т.б. әрекеттерді орындауға болады.



Тұспал

- Жоғарыда сипатталған процедура тек анықтамалық ақпарат ретінде берілген. Толық мәлімет алу үшін компьютермен бірге берілген пайдалану нұсқауларын қараңыз.

Ескерту

- Динамиктің жұптастыру режимі шамамен 5 минуттан кейін босатылады да, қуат/  (BLUETOOTH) индикаторы баяу жыпылықтайды. Дегенмен жұптастыру ақпараты динамикте сақталмаған кезде, мысалы зауыттық параметрлер орнатылғанда, жұптастыру режимі босатылмайды. Жұптастыру режимі процесс аяқталмай тұрып босатылса,  - қадамнан қайта бастаңыз.
- BLUETOOTH құрылғылары жұптастырылғаннан кейін, оларды мына жағдайлардан басқа жағдайларда қайтадан жұптастыру қажет емес:
 - Жөндеуден, т.б. жұмыстардан кейін жұптастыру ақпараты жойылған.
 - Динамик 8 құрылғымен жұптастырылып, тағы бір құрылғымен жұптастыруға әрекет жасалуда. Динамикті ең көбі 8 құрылғымен жұптастыруға болады. 8 құрылғы жұптастырылғаннан кейін, жаңа құрылғы жұптастырылса, осы жаңа құрылғы ең алғаш болып жұптастырылған құрылғыны алмастырады.
 - Динамиктің жұптастыру ақпараты BLUETOOTH құрылғысынан жойылған.
 - Динамиктің бастапқы параметрлері орнатылған.
Барлық жұптастыру ақпараты жойылады. Динамиктің бастапқы параметрлерін орнатсаңыз, ол iPhone/iPod touch құрылғысына немесе компьютерге жалғанбауы мүмкін. Мұндай жағдайда iPhone/iPod touch құрылғысындағы немесе компьютердегі динамиктің жұптастыру ақпаратын өшіріп, жұптастыру процедурасын қайтадан орындаңыз.
- Динамикті бірнеше құрылғымен жұптастыруға болады, бірақ музыка бір уақытта бір жұптастырылған құрылғыдан ғана ойнатылады.
- Динамиктің құпия кілті: «0000». BLUETOOTH құрылғысында «0000» кодынан басқа құпия кілт орнатылған болса, динамикпен жұптастыру мүмкін болмайды.
- Динамик пен BLUETOOTH құрылғысы BLUETOOTH байланысы арқылы жалғанып тұрғанда динамиктің AUDIO IN ұясына аудио кабель жалғанса, BLUETOOTH құрылғысынан шығатын дыбыс динамиктен шығарылмайды (хендс-фри функциясы қолжетімді болады). BLUETOOTH құрылғысынан музыка тыңдау үшін динамиктің AUDIO IN ұясынан аудио кабельді ағытыңыз.

Қатысты тақырып

- [Құрылғыдағы музыканы BLUETOOTH байланысы арқылы тыңдау](#)
- [BLUETOOTH байланысын ажырату \(пайдаланғаннан кейін\)](#)

BLUETOOTH байланысы арқылы компьютерге жалғау (Mac)

Жұптастыру дегеніміз — сымсыз жалғанатын BLUETOOTH құрылғыларында ақпаратты екі жақты тіркеу үшін қажетті процесс.

Алғаш рет BLUETOOTH байланысын орнату үшін құрылғыны динамикке жұптастыру қажет. Басқа құрылғыларды жұптастыру үшін дәл осындай процедураларды орындаңыз.

Қолдау көрсетілетін операциялық жүйелер

macOS High Sierra (10.13 нұсқасы)

Іске кіріспес бұрын, мына әрекеттерді орындаңыз.


- Компьютерде BLUETOOTH сымсыз технологиясы бар екеніне көз жеткізіңіз.
- Компьютерді динамиктен ең көбі 1 м қашықтықта орналастырыңыз.
- Динамикті USB AT адаптерімен (сатып алуға болады) AT көзіне жалғаңыз немесе қосылған компьютерге жалғаңыз. Немесе кірістірілген батареяны жетерліктей зарядтаңыз.
- Мәлімет алу үшін компьютердің пайдалану нұсқауларын дайын ұстаңыз.
- Компьютерде ойнатуды тоқтатыңыз.
- Динамиктен кенет қатты дыбыс шықпауы үшін компьютердің және динамиктің дыбыс деңгейін төмендетіңіз.
- Компьютерге байланысты кірістірілген BLUETOOTH адаптерін қосыңыз.
BLUETOOTH адаптерін қосу жолын немесе компьютерде кірістірілген BLUETOOTH адаптерінің бар-жоғын білмесеңіз, компьютердің пайдалану нұсқауларын қараңыз.
- Компьютердің динамигін қосылған күйге орнатыңыз.
Компьютердің динамигі  (дыбыссыз) режимге орнатылған болса, BLUETOOTH динамигінен дыбыс шықпайды.

— Компьютердің динамигі қосылған күйге орнатылған кезде:



1 Динамикті қосыңыз.

Қуат/  (BLUETOOTH) индикаторы көгілдір түспен жыпылықтайды.




- Сатып алғаннан кейін динамикті алғаш рет қосқан кезде, қуат/  (BLUETOOTH) индикаторы жылдам жыпылықтай бастайды да,  (қуат)/  түймесін басқан кезде, динамик жұптастыру режиміне

автоматты түрде кіреді. 3 -қадамға өтіңіз.

- Динамикті қосқан кезде, ол соңғы рет жалғанған BLUETOOTH құрылғысымен BLUETOOTH байланысын орнатуға тырысады. Құрылғы жақын жерде болса және оның BLUETOOTH функциясы қосылып тұрса, BLUETOOTH байланысы автоматты түрде орнатылып, қуат/ (BLUETOOTH) индикаторы жанып тұрады. Мұндай жағдайда жалғанып тұрған BLUETOOTH құрылғысының BLUETOOTH функциясын немесе қуатын өшіріңіз.

- 2 (қуат)/ PAIRING түймесін сигналдар естіліп, қуат/ (BLUETOOTH) индикаторы көгілдір түспен жылдам жыпылықтай бастағанша басып тұрыңыз.

Динамик жұптастыру режиміне кіреді.




- 3 Компьютерде динамикті іздеңіз.

1. Экранның төменгі оң жақ бөлігіндегі тапсырмалар тақтасында [(System Preferences)] - [Bluetooth] пәрмендерін таңдаңыз.




2. Bluetooth экранынан [SRS-XB12] құрылғысын таңдап, одан кейін [Pair] пәрменін басыңыз.




- 4 Қуат/ (BLUETOOTH) индикаторы жыпылықтау күйінен тұрақты жанып тұру күйіне ауысқанын тексеріңіз.

Динамик компьютерге жалғанған кезде, қуат/  (BLUETOOTH) индикаторы жанып тұрады.



5 Экранның жоғарғы оң жақ бөлігіндегі динамик белгішесін басып, [Output Device] мәзірінен [SRS-XB12] құрылғысын таңдаңыз.

Компьютерден музыка ойнатуға, т.б. әрекеттерді орындауға болады.



Тұспал

- Жоғарыда сипатталған процедура тек анықтамалық ақпарат ретінде берілген. Толық мәлімет алу үшін компьютермен бірге берілген пайдалану нұсқауларын қараңыз.

Ескерту

- Динамиктің жұптастыру режимі шамамен 5 минуттан кейін босатылады да, қуат/  (BLUETOOTH) индикаторы баяу жыпылықтайды. Дегенмен жұптастыру ақпараты динамикте сақталмаған кезде, мысалы зауыттық параметрлер орнатылғанда, жұптастыру режимі босатылмайды. Жұптастыру режимі процесс аяқталмай тұрып босатылса, 2 - қадамнан қайта бастаңыз.
- BLUETOOTH құрылғылары жұптастырылғаннан кейін, оларды мына жағдайлардан басқа жағдайларда қайтадан жұптастыру қажет емес:
 - Жөндеуден, т.б. жұмыстардан кейін жұптастыру ақпараты жойылған.
 - Динамик 8 құрылғымен жұптастырылып, тағы бір құрылғымен жұптастыруға әрекет жасалуда. Динамикті ең көбі 8 құрылғымен жұптастыруға болады. 8 құрылғы жұптастырылғаннан кейін, жаңа құрылғы жұптастырылса, осы жаңа құрылғы ең алғаш болып жұптастырылған құрылғыны алмастырады.
 - Динамиктің жұптастыру ақпараты BLUETOOTH құрылғысынан жойылған.
 - Динамиктің бастапқы параметрлері орнатылған. Барлық жұптастыру ақпараты жойылады. Динамиктің бастапқы параметрлерін орнатсаңыз, ол iPhone/iPod touch құрылғысына немесе компьютерге жалғанбауы мүмкін. Мұндай жағдайда iPhone/iPod touch құрылғысындағы немесе компьютердегі динамиктің жұптастыру ақпаратын өшіріп, жұптастыру процедурасын қайтадан орындаңыз.
- Динамикті бірнеше құрылғымен жұптастыруға болады, бірақ музыка бір уақытта бір жұптастырылған құрылғыдан ғана ойнатылады.
- Динамиктің құпия кілті: «0000». BLUETOOTH құрылғысында «0000» кодынан басқа құпия кілт орнатылған болса, динамикпен жұптастыру мүмкін болмайды.
- Динамик пен BLUETOOTH құрылғысы BLUETOOTH байланысы арқылы жалғанып тұрғанда динамиктің AUDIO IN ұясына аудио кабель жалғанса, BLUETOOTH құрылғысынан шығатын дыбыс динамиктен шығарылмайды (хендс-фри функциясы).

қолжетімді болады). BLUETOOTH құрылғысынан музыка тыңдау үшін динамиктің AUDIO IN ұясынан аудио кабельді ағытыңыз.

Қатысты тақырып

- [Құрылғыдағы музыканы BLUETOOTH байланысы арқылы тыңдау](#)
- [BLUETOOTH байланысын ажырату \(пайдаланғаннан кейін\)](#)

4-748-101-81(1) Copyright 2019 Sony Corporation

Құрылғыдағы музыканы BLUETOOTH байланысы арқылы тыңдау

BLUETOOTH құрылғысы BLUETOOTH профильдерін қолдаса, BLUETOOTH байланысы арқылы динамикпен сол құрылғыдағы музыканы тыңдауға және оны басқаруға болады.

A2DP (Advanced Audio Distribution Profile)

Жоғары сапалы аудио мазмұнды сымсыз тыңдауға мүмкіндік береді.

AVRCP (Audio Video Remote Control Profile)

Дыбыс деңгейін реттеуге және ойнату, кідірту немесе келесі/ағымдағы әннің басына өту үшін басқаруға мүмкіндік береді.


BLUETOOTH құрылғысына қарай әр түрлі әрекеттерді орындау қажет болуы мүмкін. BLUETOOTH құрылғысымен бірге берілген пайдалану нұсқауларын да қараңыз.

Ескерту

- Динамиктен кенет қатты дыбыс шықпауы үшін BLUETOOTH құрылғысымен мен динамиктің дыбыс деңгейлері орташа деңгейге орнатылғанына алдын ала көз жеткізіңіз.
BLUETOOTH құрылғысына қарай құрылғыда ойнату тоқтатылып/кідіріліп тұрғанда, BLUETOOTH құрылғысынан динамиктің дыбыс деңгейін реттей алмауыңыз мүмкін.

1 Динамикті BLUETOOTH құрылғысына жалғаңыз.


BLUETOOTH байланысы орнатылған кезде, қуат/  (BLUETOOTH) индикаторы көгілдір түспен жанады.



2 BLUETOOTH құрылғысында ойнатуды бастаңыз.

3 Динамиктегі –/+ (дыбыс деңгейі) түймелерін басу арқылы немесе BLUETOOTH құрылғысымен дыбыс деңгейін реттеңіз.

Динамикте –/+ (дыбыс деңгейі) түймелерін басқан кезде немесе BLUETOOTH құрылғысында дыбыс деңгейін реттеген кезде, қуат/  (BLUETOOTH) индикаторы бір рет не 3 рет жыпылықтайды.



Ойнату кезінде динамиктегі түймелерді мына әрекеттерді орындау үшін қолдануға болады.

Кідірту


Кідірту үшін ойнату кезінде ►|| (ойнату)/ ⏮ (қоңырау) түймесін басыңыз. Кідіртуді доғару үшін оны қайта басыңыз.

Келесі әннің басына өту

Ойнату кезінде ►|| (ойнату)/ ⏮ (қоңырау) түймесін екі рет жылдам басыңыз.

Ағымдағы әннің басына өту

Ойнату кезінде ►|| (ойнату)/ ⏮ (қоңырау) түймесін 3 рет жылдам басыңыз.



Тұспал

- Динамик USB AT адаптерімен (сатып алуға болады) AT розеткасына жалғанып тұрғанда немесе қосылған компьютерге жалғанып тұрғанда, тіпті динамик пайдаланылып жатса да, кірістірілген батареяны зарядтауға болады.
- Динамикте дыбыс деңгейін ең жоғары немесе ең төмен деңгейге орнатқан кезде, қуат/ Bluetooth (BLUETOOTH) индикаторы 3 рет жыпылықтайды.

Ескерту

- Байланыс шарттары нашар болса, BLUETOOTH құрылғысы динамиктегі әрекеттерге сәйкес әрекет етпеуі мүмкін.
- BLUETOOTH байланысы арқылы музыка тыңдап отырғанда динамиктің AUDIO IN ұясына тасымалы аудио құрылғыны, т.б. жалғаған кезде, динамик автоматты түрде AUDIO IN режиміне ауысады. Мұндай жағдайда BLUETOOTH құрылғысының музыкасы шығарылмайды (BLUETOOTH байланысы белсенді болса, хендс-фри функциясы қолжетімді болады). BLUETOOTH құрылғысынан қайтадан музыка тыңдау үшін динамиктің AUDIO IN ұясынан аудио кабельді ағытыңыз.
- Температурасы жоғары жерде қолданған кезде, кірістірілген батареяны қорғау үшін дыбыс деңгейі төмендеуі мүмкін.
- Кірістірілген батарея заряды аз болса, динамиктің ең жоғары шығыс қуаты азаяды.
- BLUETOOTH құрылғысына қарай жалғанған құрылғыда дыбыс деңгейін реттеу немесе аудио шығыс параметрін орнату қажет болуы мүмкін.
- Динамикке жалғанған BLUETOOTH құрылғысына, байланыс ортасына немесе пайдалану ортасына қарай шу пайда болуы немесе дыбыс үзілуі мүмкін.

Қатысты тақырып

- [BLUETOOTH байланысын ажырату \(пайдаланғаннан кейін\)](#)

4-748-101-81(1) Copyright 2019 Sony Corporation

BLUETOOTH арқылы аудио ағынын ойнату сапасын (кодек) таңдау

«Дыбыс сапасына басымдық беру» және «Тұрақты байланысқа басымдық беру» режимдерін BLUETOOTH арқылы аудио ағынын ойнату сапасының опциялары ретінде таңдауға болады. «Дыбыс сапасына басымдық беру» режимі SBC және AAC кодектерінің ойнату параметрлерін орнатуға мүмкіндік береді, соның арқасында BLUETOOTH байланысы арқылы жоғары сапалы дыбысты естисіз, ал «Тұрақты байланысқа басымдық беру» режимі тұрақтырақ BLUETOOTH арқылы аудио ағынын тарату мүмкіндігін қамтамасыз етеді. «Дыбыс сапасына басымдық беру» — әдепкі параметр.

Қолдау көрсетілетін кодектер

- Дыбыс сапасына басымдық беру (әдепкі параметр): AAC және SBC арасында оңтайлы кодек автоматты түрде таңдалады.
- Тұрақты байланысқа басымдық беру: SBC таңдалған.

1 Динамикті USB AT адаптерімен (сатып алуға болады) AT көзіне жалғаңыз немесе қосылған компьютерге жалғаңыз.

2 Динамикті қосыңыз.

Қуат/  (BLUETOOTH) индикаторы көгілдір түспен баяу* жыпылықтайды.

* Бұдан бұрын жалғанған BLUETOOTH құрылғысы жақын жерде болса, динамик құрылғыға автоматты түрде жалғанып, одан кейін қуат/  (BLUETOOTH) индикаторы жануы мүмкін.

3 + (дыбыс деңгейі) түймесін және  (қуат)/  PAIRING түймесін шамамен 2 секунд басып тұрыңыз.

- Параметр «Тұрақты байланысқа басымдық беру» режиміне өзгертілген кезде, қуат/  (BLUETOOTH) индикаторы 3 рет көгілдір түспен жыпылықтап, одан кейін индикатор өшеді, содан кейін динамик өшеді.
- Параметр «Дыбыс сапасына басымдық беру» режиміне өзгертілген кезде, қуат/  (BLUETOOTH) индикаторы екі рет жыпылықтап, одан кейін индикатор өшеді, содан кейін динамик өшеді.

Ескерту

- BLUETOOTH құрылғысының параметріне және қоршаған орта шарттарына байланысты «Дыбыс сапасына басымдық беру» режимінде шу немесе дыбыстық кедергі пайда болуы мүмкін. Мұндай жағдайда динамикті «Тұрақты байланысқа басымдық беру» режиміне ауыстырыңыз.
- Динамикті қосу функциясы немесе хендс-фри функциясы қолданылып жатқанда, ойнату сапасын өзгерту мүмкін болмайды.

BLUETOOTH байланысын ажырату (пайдаланғаннан кейін)

BLUETOOTH құрылғысынан музыка ойнатып болғаннан кейін, BLUETOOTH байланысын ажырату үшін төмендегі әрекеттердің кез келгенін орындаңыз.

- BLUETOOTH құрылғысында BLUETOOTH функциясын өшіріңіз. Толық мәлімет алу үшін құрылғымен бірге берілген пайдалану нұсқауларын қараңыз.
- BLUETOOTH құрылғысын өшіріңіз.
- Динамикті өшіріңіз.

Тұспал

- Динамикті қосу функциясын қолданып отырғанда бір динамикті өшірсеңіз, екінші динамик те автоматты түрде өшеді. Олардың арасындағы BLUETOOTH байланысы ажыратылады.
- Музыка ойнатып болғаннан кейін, BLUETOOTH құрылғысына байланысты BLUETOOTH байланысы автоматты түрде ажыратылуы мүмкін.

Қатысты тақырып

- [Қуатты өшіру](#)
- [Қуатты автоматты түрде өшіру функциясы](#)

Музыканы 2 динамикпен сымсыз тыңдау (Динамикті қосу функциясы)

2 SRS-XB12 динамигін BLUETOOTH байланысы арқылы жалғаған кезде, стерео режим (стерео дыбыс) және қос режим (монофондық дыбыс) арасындағы дыбыс шығару режимін таңдауға болады. Бұл функцияны қолдану үшін 2 SRS-XB12 динамигі қажет.

Төмендегі 2 ойнату әдісінің бірін таңдаңыз.

Қос режим

Екі динамик бір дыбысты ойнатады. Қос режим — бастапқы параметр.

Стерео режим

Динамиктер арасында стерео режимде ойнату үшін бір динамик дыбысты оң арнада (оң жақта), ал екінші динамик дыбысты сол арнада (сол жақта) ойнатады.

1 2 динамикті бір-бірінен 1 м қашықтық ішінде орналастырып, одан кейін екі динамикті де қосыңыз.

Динамиктердің біріндегі  (қуат)/  PAIRING түймесін басып, оны қосыңыз.


Қуат/  (BLUETOOTH) индикаторы жыпылықтай бастайды.

Бұдан бұрын жалғанған BLUETOOTH құрылғысы жақын жерде болса, динамик құрылғыға автоматты түрде жалғанып, одан кейін қуат/  (BLUETOOTH) индикаторы жануы мүмкін. Мұндай жағдайда BLUETOOTH құрылғысында BLUETOOTH функциясын өшіріңіз немесе BLUETOOTH құрылғысын өшіріңіз.




2 Екі динамиктегі ADD түймелерін сигнал естілгенше басып тұрыңыз.

Қуат/  (BLUETOOTH) индикаторы және L (сол жақ)/R (оң жақ) индикаторы жыпылықтайды.



Динамикті қосу функциясы арқылы байланыс орнатылған кезде, екі динамиктің де L (сол жақ)/R (оң жақ) индикаторы жанып тұрады және динамиктердің біреуінде  (BLUETOOTH) индикаторы өшеді.




Тұспал

- Екінші динамикті 1 минут ішінде реттеңіз. 1 минут ішінде реттемесеңіз, бірінші динамиктің реттелуі тоқтатылады.

3 BLUETOOTH құрылғысымен BLUETOOTH байланысын орнатыңыз.

Қуат/  (BLUETOOTH) индикаторы жыпылықтап тұрған динамикті және BLUETOOTH құрылғысын жұптастырыңыз. Жұптастыру процедурасы туралы мәлімет алу үшін [BLUETOOTH® құрылғыларымен жұптастыру және оларға жалғау](#) тарауын қараңыз.



4 BLUETOOTH құрылғысында ойнатуды бастап, дыбыс деңгейін орташа мәнге реттеңіз.

5 Дыбыс деңгейін реттеу үшін динамиктердің біріндегі –/+ (дыбыс деңгейі) түймелерін басыңыз.

Бір динамиктің дыбыс деңгейі өзгерілгенде екінші динамиктің дыбыс деңгейі сәйкесінше өзгереді.

Тұспал

- Қоңырау шалған немесе қабылдаған кезде, қуат/  (BLUETOOTH) индикаторы жанатын динамикті ғана қолданыңыз.
- BLUETOOTH тінтуірі немесе BLUETOOTH пернетақтасы сияқты кез келген басқа BLUETOOTH құрылғысы (-лары) динамикке жалғанып жатқан BLUETOOTH құрылғысына жалғанса, динамиктен бұрмаланған дыбыс не шу шығарылуы мүмкін. Мұндай жағдайда BLUETOOTH құрылғысы мен басқа BLUETOOTH құрылғысының (-ларының) арасындағы BLUETOOTH байланысын ажыратыңыз.

Ескерту

- Динамикті қосу функциясын қолданып отырып, 2 динамиктің бірін қалпына келтірсеңіз немесе бірінің бастапқы параметрлерін орнатсаңыз, екінші динамикті өшіріп қоюды ұмытпаңыз. Динамикті қосу функциясын қайта қосудан бұрын екінші динамикті өшірмесеңіз, BLUETOOTH байланысын орнатуға және дыбыс шығаруға қатысты мәселелер туындауы мүмкін.
- Динамиктің AUDIO IN ұясына тасымалы аудио құрылғы, т.б. жалғанса, динамик автоматты түрде AUDIO IN режиміне ауысып, Динамикті қосу функциясы өшіріледі.
- Динамикті қосу функциясымен фильм қараған кезде, бейне мен аудио арасында кешігу болуы мүмкін.

Қатысты тақырып

- [Қос режим мен стерео режим арасында ауысу \(Динамикті қосу функциясы\)](#)


Қос режим мен стерео режим арасында ауысу (Динамикті қосу функциясы)

2 динамикті қолданған кезде, монофондық режимде ойнату (қос режим) және стерео режимде ойнату (стерео режим) арасында ауысуға болады.

1 Дыбыс шығару режимін ауыстыру үшін динамиктердің біріндегі ADD түймесін басыңыз.

ADD түймесі басылған сайын режим ауысады.

Екі динамиктегі L (сол жақ)/R (оң жақ) индикаторлары аудио шығару режимінің күйін көрсетеді.



① Қос режим:

Екі динамиктегі L (сол жақ)/R (оң жақ) индикаторлары ақ түспен жанады.

② Стерео режим (R арнасы/L арнасы):

Бір динамиктегі R (оң жақ) индикаторы және екінші динамиктегі L (сол жақ) индикаторы ақ түспен жанады.

③ Стерео режим (L арнасы/R арнасы):

Бір динамикте R (оң жақ) индикаторы өшеді, ал L (сол жақ) индикаторы ақ түспен жанады. Екінші динамикте L (сол жақ) индикаторы сөніп, R (оң жақ) индикаторы ақ түспен жанады.

Қатысты тақырып

- [Музыканы 2 динамикпен сымсыз тыңдау \(Динамикті қосу функциясы\)](#)

4-748-101-81(1) Copyright 2019 Sony Corporation

Динамикті қосу функциясын өшіру

Динамикті қосу функциясын өшіру үшін төмендегі процедураны орындаңыз.

- 1 Екі динамиктегі ADD түймелерін сигнал естілгенше шамамен 3 секунд басып тұрыңыз.



Тұспал

- AUDIO IN ұясына тасымалы аудио құрылғы, т.б. жалғанса, динамик автоматты түрде AUDIO IN режиміне ауысып, Динамикті қосу функциясы өшіріледі.
- Динамикті қосу функциясы динамик өшірілген кезде де өшпейді. Динамик қосылған кезде, ол жалғанған басқа динамикпен Динамикті қосу функциясы арқылы байланыс орнатуға әрекет жасайды. Динамикті қосу функциясын қайтадан қолданғыңыз келсе, басқа динамикті 1 минут ішінде қосыңыз.
- Динамикті қосу функциясының динамиктерінің бірі ретінде қолданылған динамикті бөлек қолданғыңыз келсе,  (қуат)/  PAIRING түймесін басып, динамикті қосыңыз, одан кейін ADD түймесін шамамен 3 секунд басып тұрып, Динамикті қосу функциясын өшіріңіз.

Қатысты тақырып


- [Музыканы 2 динамикпен сымсыз тыңдау \(Динамикті қосу функциясы\)](#)
- [Қос режим мен стерео режим арасында ауысу \(Динамикті қосу функциясы\)](#)

Тасымалы аудио құрылғыдағы, т.б. музыканы тыңдау

Тасымалы аудио құрылғыны, т.б. аудио кабельмен (сатып алуға болады) динамикке жалғау арқылы динамикті қолдануға болады.

1 Құрылғыны AUDIO IN ұясына аудио кабельмен (сатып алуға болады) жалғаңыз.


Жалғау үшін екі ұшында да стерео шағын ағытпалары (кедергісіз)^{*1} бар аудио кабельді қолданыңыз.



^{*1} Кедергісі айтарлықтай аудио кабельді (стерео шағын ағытпалары бар) қолдансаңыз, дыбыс деңгейі төмен болуы мүмкін. Сондықтан кедергісіз аудио кабельді (стерео шағын ағытпалары бар) қолдану керек.

2 Динамикті қосыңыз.

Қуат/Bluetooth (BLUETOOTH) индикаторы көгілдір түспен баяу^{*2} жыпылықтайды.




^{*2} Бұдан бұрын жалғанған BLUETOOTH құрылғысы жақын жерде болса, динамик құрылғыға автоматты түрде жалғанып, одан кейін қуат/Bluetooth (BLUETOOTH) индикаторы жануы мүмкін.

3 Қосып, жалғанған құрылғыда ойнатуды бастаңыз.

4 Жалғанған құрылғыда дыбыс деңгейін орташа деңгейге реттеңіз.

5 Дыбыс деңгейін реттеу үшін –/+ (дыбыс деңгейі) түймелерін басыңыз.

–/+ (дыбыс деңгейі) түймелері басылған кезде, қуат/  (BLUETOOTH) индикаторы бір рет жыпылықтайды. Динамикте дыбыс деңгейін ең жоғары немесе ең төмен деңгейге орнатқан кезде, қуат/  (BLUETOOTH) индикаторы 3 рет жыпылықтайды.



Тұспал

- Дыбыс естілмеген жағдайда жалғанған құрылғыда дыбыс деңгейін көтеріңіз.
- Динамик пен мобильді телефон (смартфон/iPhone) арасында HFP/HSP арқылы орнатылған BLUETOOTH байланысы белсенді болса, динамиктің AUDIO IN ұясына жалғанған тасымалы аудио құрылғыдағы музыканы тыңдап отырып, хендс-фри функциясын қолдануға болады.

Ескерту

- AUDIO IN ұясына аудио кабель жалғасаңыз, AUDIO IN ұясына жалғанған құрылғының шығыс сигналы басым болып, BLUETOOTH құрылғысынан жіберілген дыбысты естімейсіз. Қуат/  (BLUETOOTH) индикаторы көгілдір түспен жанып не жыпылықтап, BLUETOOTH күйін білдіреді.
- AUDIO IN ұясына тасымалы аудио құрылғы жалғап, музыка ойнатқан кезде, кідірту, келесі әннің басына өту және ағымдағы әннің басына өту сияқты әрекеттерді орындау үшін динамиктегі түймелерді қолдану мүмкін болмайды.
- Су шашырайтын жерде AUDIO IN ұясын қолданбаңыз.
- Динамиктен аудио кабельді ажыратқаннан кейін, ▲ белгісін жоғары қаратып, қақпақты толығымен жабуды ұмытпаңыз.

Қатысты тақырып

- [Қуатты автоматты түрде өшіру функциясы](#)

Қоңырау қабылдау

HFP (Hands-free Profile) немесе HSP (Headset Profile) BLUETOOTH профилін қолдайтын BLUETOOTH мобильді телефонында BLUETOOTH байланысы арқылы хендс-фри режимінде қоңырау шалуға не қабылдауға болады.

- BLUETOOTH мобильді телефоны HFP профилін де, HSP профилін де қолдаса, оны HFP профиліне орнатыңыз.
- BLUETOOTH мобильді телефонына қарай әр түрлі әрекеттерді орындау қажет болуы мүмкін. Мобильді телефонмен бірге берілген пайдалану нұсқауларын қараңыз.

Қоңырау үндері туралы мәлімет


Кіріс қоңырау түскен кезде, ойнату кідіріліп, динамиктен қоңырау үні естіледі.

BLUETOOTH мобильді телефонына қарай қоңырау үні төмендегідей әр түрлі болады.

- Динамикте орнатылған қоңырау үні
- BLUETOOTH мобильді телефонында орнатылған қоңырау үні
- BLUETOOTH мобильді телефонында BLUETOOTH байланысы үшін ғана орнатылған қоңырау үні

1 Динамикті BLUETOOTH мобильді телефонына жалғаңыз.

BLUETOOTH байланысы орнатылған кезде, қуат/  (BLUETOOTH) индикаторы көгілдір түспен жанады.




Динамикті қосу функциясын қолданған кезде

Қуат/  (BLUETOOTH) индикаторы көгілдір түспен жанып тұрған динамикке жалғаңыз. Хендс-фри қоңырауы барысында төмендегі қадамдар мен әрекеттерде BLUETOOTH мобильді телефонына жалғанып тұрған динамикті қолданыңыз.

2 Қоңырау қабылданған кезде, (ойнату)/ (қоңырау) түймесін басыңыз.

Динамиктің микрофонына сөйлеңіз.

Кіріс қоңырау түскен кезде, ойнату кідіріліп, динамиктен қоңырау үні естіледі.




Динамиктен ешқандай қоңырау үні естілмесе, динамик HFP немесе HSP профилін қолдайтын BLUETOOTH мобильді телефонына жалғанбаған болуы мүмкін. BLUETOOTH мобильді телефонындағы байланыс күйін тексеріңіз.

3 Динамиктегі –/+ (дыбыс деңгейі) түймелерін басу арқылы немесе BLUETOOTH мобильді телефонымен дыбыс деңгейін реттеңіз.

Динамикте –/+ (дыбыс деңгейі) түймелерін басқан кезде немесе BLUETOOTH мобильді телефонында дыбыс деңгейін реттеген кезде, қуат/  (BLUETOOTH) индикаторы бір рет жыпылықтайды.

Динамикте дыбыс деңгейін ең жоғары немесе ең төмен деңгейге орнатқан кезде, қуат/  (BLUETOOTH) индикаторы 3 рет жыпылықтайды.



4 Қоңырауды аяқтау үшін ►|| (ойнату)/ (қоңырау) түймесін басыңыз.

Қоңырау шалудан бұрын музыка тыңдап отырған болсаңыз, қоңырау аяқталған кезде, ойнату жалғасады. Қоңырауды BLUETOOTH мобильді телефонынан аяқтасаңыз, қоңырау шалудан бұрын музыка тыңдап отырған болсаңыз, бұл жағдайда да ойнату жалғасады.

Тұспал

- Кейбір BLUETOOTH мобильді телефондарында қоңырауды қабылдаған кезде телефонға басымдық беріледі. HFP немесе HSP байланысы қолданылған жағдайда BLUETOOTH мобильді телефонымен қоңырау құрылғысын динамикке ауыстырыңыз.
- Қоңырау шалушы дауысыңызды естімесе немесе әзер естісе, ауызыңызды динамиктің микрофонына жақындатып сөйлеңіз.
- Музыка ойнатудың және қоңыраудың дыбыс деңгейі динамикте бөлек орнатылады.

Ескерту

- Динамикті қосу функциясын қолданған кезде, телефон қоңырауының дыбысы қуат/  (BLUETOOTH) индикаторы көгілдір түспен жанып тұрған динамиктен ғана шығады.

- BLUETOOTH мобильді телефонына байланысты кіріс қоңырау түскен кезде ойнату кідірітілмеуі мүмкін.
- BLUETOOTH мобильді телефонын динамиктен кемінде 50 см қашықтықта қолданыңыз. Динамик пен BLUETOOTH мобильді телефоны бір-біріне тым жақын болса, шу пайда болуы мүмкін.
- Динамиктің AUDIO IN ұясына аудио кабель жалғанған болса, BLUETOOTH құрылғысынан жіберілетін музыканы тыңдау мүмкін болмайды. Дегенмен BLUETOOTH байланысы белсенді болғанда, хендс-фри функциясы қолжетімді болады.
- Смартфон моделіне, операциялық жүйеге немесе орнатылған қолданбаларға қарай хендс-фри режимінде қоңырау шалу не қабылдау жүйесінің кейбір функциялары дұрыс қолданылмауы мүмкін.

Қатысты тақырып

- [BLUETOOTH® құрылғыларымен жұптастыру және оларға жалғау](#)
- [BLUETOOTH байланысын ажырату \(пайдаланғаннан кейін\)](#)
- [Қоңырау шалу](#)


Қоңырау шалу

HFP (Hands-free Profile) немесе HSP (Headset Profile) BLUETOOTH профилін қолдайтын BLUETOOTH мобильді телефонында BLUETOOTH байланысы арқылы хендс-фри режимінде қоңырау шалуға не қабылдауға болады.

- BLUETOOTH мобильді телефоны HFP профилін де, HSP профилін де қолдаса, оны HFP профиліне орнатыңыз.
- BLUETOOTH мобильді телефонына қарай әр түрлі әрекеттерді орындау қажет болуы мүмкін. Мобильді телефонмен бірге берілген пайдалану нұсқауларын қараңыз.

1 Динамикті BLUETOOTH мобильді телефонына жалғаңыз.

BLUETOOTH байланысы орнатылған кезде, қуат/  (BLUETOOTH) индикаторы көгілдір түспен жанады.




Динамикті қосу функциясын қолданған кезде

Қуат/  (BLUETOOTH) индикаторы көгілдір түспен жанып тұрған динамикке жалғаңыз. Хендс-фри қоңырауы барысында төмендегі қадамдар мен әрекеттерде BLUETOOTH мобильді телефонына жалғанып тұрған динамикті қолданыңыз.

2 Қоңырау шалу үшін BLUETOOTH мобильді телефонды қолданыңыз.

Қоңырау шалған кезде, ойнату кідіріліп, динамиктен теру үні естіледі. Қоңырауды қабылдайтын тарап тұтқаны көтерген кезде, динамиктің микрофонына сөйлеңіз.




Динамиктен теру үні естілмесе

- Динамик HFP немесе HSP профилін қолдайтын BLUETOOTH мобильді телефонына жалғанбаған болуы мүмкін. BLUETOOTH мобильді телефонындағы байланыс күйін тексеріңіз.
-  (ойнату)/  (қоңырау) түймесін шамамен 2 секунд басып тұру арқылы қоңырау шалу құрылғысын динамикке ауыстырыңыз.

3 Динамиктегі –/+ (дыбыс деңгейі) түймелерін басып арқылы немесе BLUETOOTH мобильді телефонымен дыбыс деңгейін реттеңіз.

Динамикте –/+ (дыбыс деңгейі) түймелерін басқан кезде немесе BLUETOOTH мобильді телефонында дыбыс деңгейін реттеген кезде, қуат/  (BLUETOOTH) индикаторы бір рет жыпылықтайды.

Динамикте дыбыс деңгейін ең жоғары немесе ең төмен деңгейге орнатқан кезде, қуат/  (BLUETOOTH) индикаторы 3 рет жыпылықтайды.



4 Қоңырауды аяқтау үшін (ойнату)/ (қоңырау) түймесін басыңыз.

Қоңырау шалудан бұрын музыка тыңдап отырған болсаңыз, қоңырау аяқталған кезде, ойнату жалғасады. Қоңырауды BLUETOOTH мобильді телефонынан аяқтасаңыз, қоңырау шалудан бұрын музыка тыңдап отырған болсаңыз, бұл жағдайда да ойнату жалғасады.

Тұспал

- Қоңырау шалушы дауысыңызды естімесе немесе әзер естісе, ауызыңызды динамиктің микрофонына жақындатып сөйлеңіз.
- Музыка ойнатудың және қоңыраудың дыбыс деңгейі динамикте бөлек орнатылады.

Ескерту

- Динамикті қосу функциясын қолданған кезде, телефон қоңырауының дыбысы қуат/  (BLUETOOTH) индикаторы көгілдір түспен жанып тұрған динамиктен ғана шығады.
- BLUETOOTH мобильді телефонына байланысты қоңырау шалған кезде ойнату кідірілмеуі мүмкін.
- BLUETOOTH мобильді телефонын динамиктен кемінде 50 см қашықтықта қолданыңыз. Динамик пен BLUETOOTH мобильді телефоны бір-біріне тым жақын болса, шу пайда болуы мүмкін.
- Динамиктің AUDIO IN ұясына аудио кабель жалғанған кезде, BLUETOOTH құрылғысынан жіберілетін музыканы тыңдау мүмкін болмайды. Дегенмен BLUETOOTH байланысы белсенді болғанда, хендс-фри функциясы қолжетімді болады.

Қатысты тақырып

- [BLUETOOTH® құрылғыларымен жұптастыру және оларға жалғау](#)
- [Динамикті қосу функциясын өшіру](#)
- [Қоңырау қабылдау](#)

Дауыстық көмек функциясын пайдалану (Google қолданбасы)

Android смартфонды алдын ала орнатылып тұратын Google қолданбасының мүмкіндігін қолдану арқылы динамиктің микрофонына сөйлеп, Android смартфонды басқара аласыз. Төменде Google қолданбасын қолдану жолы түсіндірілген.

1 [Assist & Voice input] ішінде [Assist App] ретінде Google қолданбасын таңдаңыз.

Android смартфонды [Settings] - [Apps] тармағын таңдаңыз. Дисплейдің жоғарғы оң жақ бұрышында тісті доңғалақ белгішесі пайда болады.

Тісті доңғалақ белгішесін таңдап, [Default Apps] - [Assist & Voice input] - [Assist App] тармағына өтіп, [Assist App] параметрін Google қолданбасына орнатыңыз.

Жоғарыдағы процедура мысал ретінде берілген. Толық мәлімет алу үшін Android смартфондымен бірге берілген пайдалану нұсқауларын қараңыз.

Google қолданбасы туралы мәлімет алу үшін Android смартфондының пайдалану нұсқауларын не қолдау сайты немесе Google Play сайты қараңыз.

Ескерту

- Қолданбаның ең соңғы нұсқасы қажет болуы мүмкін.
- Android смартфондының сипаттамаларына байланысты Google қолданбасын динамиктен іске қоса алмауыңыз мүмкін.

2 Динамикті Android смартфондына BLUETOOTH байланысы арқылы жалғаңыз.

3 Динамик Android смартфондына BLUETOOTH байланысы арқылы жалғанып тұрғанда және Android смартфонды күту режимінде тұрғанда не музыка ойнатып жатқанда, (ойнату)/ (қоңырау) түймесін шамамен 3 секунд басып тұрыңыз.

Google қолданбасы іске қосылып, сізге іске қосылу дыбысы естіледі.

4 Динамиктің микрофоны арқылы Google қолданбасына сұрау жолдаңыз.

Google қолданбасымен жұмыс істейтін қолданбалар сияқты Google қолданбасына қатысты мәліметтерді алу үшін Android смартфондымен бірге берілген пайдалану нұсқауларын қараңыз.

Google қолданбасын іске қосқаннан кейін, белгілі бір уақыт сұрау жасалмаса, сигнал беріледі де, Google қолданбасы өшеді.

Ескерту

- Android смартфондының [OK Google] параметрі қосылған болса да, динамик микрофоны арқылы «OK Google» деп айтқан кезде, Google қолданбасы іске қосылмайды.

Дауыстық көмек функциясын пайдалану (Siri)

iPhone/iPod touch құрылғысында алдын ала орнатылып тұратын Siri функциясын қолдану арқылы динамиктің микрофонына сөйлеп, iPhone/iPod touch құрылғысын басқара аласыз. Төменде Siri функциясын қолдану жолы көрсетілген.

1 Siri функциясын қосыңыз.

iPhone/iPod touch құрылғысында [Settings] - [Siri] тармағын таңдап, Siri функциясын қосыңыз. Жоғарыдағы процедура мысал ретінде берілген. Толық мәлімет алу үшін iPhone/iPod touch құрылғысымен бірге берілген пайдалану нұсқауларын қараңыз. Siri туралы мәлімет алу үшін iPhone/iPod touch құрылғысының пайдалану нұсқауларын не қолдау сайтын қараңыз.

2 Динамикті iPhone/iPod touch құрылғысына BLUETOOTH байланысы арқылы жалғаңыз.

3 Динамик iPhone/iPod touch құрылғысына BLUETOOTH байланысы арқылы жалғанып тұрғанда және iPhone/iPod touch құрылғысы күту режимінде тұрғанда не музыка ойнатып жатқанда, (ойнату)/ (қоңырау) түймесін шамамен 3 секунд басып тұрыңыз.

Siri іске қосылып, сізге іске қосылу дыбысы естіледі.

4 Динамиктің микрофоны арқылы Siri функциясына сұрау жолдаңыз.

Siri функциясымен жұмыс істейтін қолданбалар сияқты Siri функциясына қатысты мәліметтерді алу үшін iPhone/iPod touch құрылғысымен бірге берілген пайдалану нұсқауларын қараңыз.

Ескерту

- iPhone/iPod touch құрылғысының [Allow "Hey Siri"] параметрі қосылған болса да, динамик микрофоны арқылы «Hey Siri» деп айтқан кезде, Siri іске қосылмайды.

Индикаторлар туралы мәлімет

CHG (зарядтау) индикаторы (сарғылт)

Өшеді	Динамик зарядталып болды.
Жанады	Динамик зарядталуда.
Жылдам жыпылықтайды (секундына 3 рет)	Кірістірілген батареяға қатысты әдеттен тыс жағдай анықталды. Зарядтауды дереу тоқтатыңыз.
Баяу жыпылықтайды	Кірістірілген батареяның заряды аз, оны зарядтау қажет.
3 рет жыпылықтап, өшеді	Динамикті қосқан кезде CHG (зарядтау) индикаторы 3 рет жыпылықтап, өссе, демек кірістірілген батарея заряды таусылған және оны зарядтау қажет.

Ескерту

- Пайдаланылып жатқан динамикті ол USB AT адаптерімен (сатып алуға болады) AT розеткасына жалғанып тұрғанда немесе қосылған компьютерге жалғанып тұрғанда зарядтауға болады. Мұндай жағдайда пайдалану шарттарына байланысты кірістірілген батарея ұзағырақ зарядталуы мүмкін. Сондықтан зарядтаған кезде динамикті өшіріп қойған жөн.
- Динамикті ұзақ уақыт жоғары дыбыс деңгейінде пайдаланған кезде, динамик тіпті USB AT адаптерімен (сатып алуға болады) AT розеткасына жалғанып тұрғанда немесе қосылған компьютерге жалғанып тұрғанда, кірістірілген батареяның заряды азаюы мүмкін. Соның салдарынан дыбыс деңгейі төмендейді. Бұл ақаулық емес. Динамикті өшіріп, кірістірілген батареяны жетерліктей зарядтаңыз.
- Аса суық немесе ыстық жерде зарядтау қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін тоқтайды. Зарядтауға көп уақыт кетсе, динамиктің зарядталуы да тоқтайды. Осы мәселелерді шешу үшін динамиктен micro-USB кабелін ағытып, 5 °C–35 °C аралығындағы жұмыс температурасында оны қайта жалғаңыз.

Қуат/ (BLUETOOTH) индикаторы (көгілдір)

Жанады	Динамик BLUETOOTH құрылғысына жалғанып тұр.
Жылдам жыпылықтайды (секундына 3 рет)	Динамик жұптастыру режиміне кіреді.
Баяу жыпылықтайды	Динамик BLUETOOTH құрылғысына жалғануды күтіп тұр.
Бір рет жыпылықтайды	-/+ (дыбыс деңгейі) түймесі басылған сайын индикатор бір рет жыпылықтайды.
3 рет жыпылықтайды	-/+ (дыбыс деңгейі) түймесін қолданған кезде дыбыс деңгейі ең төмен не ең жоғары деңгейге орнатылған жағдайда, индикатор 3 рет жыпылықтайды.

L (сол жақ)/R (оң жақ) индикаторлары (ақ)

Жыпылықтау	Динамигіңіз Динамикті қосу функциясына кіреді. Динамикті қосу функциясымен байланыс орнатылмаса, L (сол жақ)/R (оң жақ) индикаторлары жыпылықтайды.
------------	--

Жану	Динамикте Динамикті қосу функциясы қолданылуда.
------	---

Қатысты тақырып

- Бөлшектері мен басқару элементтері
- BLUETOOTH® құрылғыларымен жұптастыру және оларға жалғау
- Музыканы 2 динамикпен сымсыз тыңдау (Динамикті қосу функциясы)

4-748-101-81(1) Copyright 2019 Sony Corporation

Сақтық шаралары

Қауіпсіздік туралы

- Динамикпен бірге берілген Анықтама нұсқаулығын қараңыз.
- Модель атауы сияқты маңызды ақпарат құрылғының түбінің сыртқы жағында орналасқан.

Орнатуға қатысты

- Құрылғыны еңкейтіп қоймаңыз.
- Құрылғыны күн түсетін жер, жылу көзінің жаны немесе жарықтандыру жабдығының асты сияқты температурасы көтерілетін жерде қалдыруға болмайды.
- Құрылғыны көлікте қолдануға немесе қалдыруға болмайды.
- Магнит өрісі әсер ететін заттарды (төлем карталары, магниттік кодтауы бар несиелік карталар, т.б.) құрылғының қасында қалдырмаңыз.

Тазалауға қатысты

- Корпусты тазалау үшін алкоголь, бензин немесе сұйылтқыштар сияқты жуғыш заттарды не еріткіштерді пайдаланбаңыз.

Пайдалануға қатысты мәлімет

- Құрылғының коннекторларына (USB/AUDIO IN) не желдету тесігіне ұсақ заттар, т.б. салмаңыз. Динамик қысқа тұйықталуы немесе істен шығуы мүмкін.

Басқа

- Динамикті қосу функциясын қолдану үшін 2 динамик қажет. Динамикті қосу функциясын қолданған кезде, тек SBC кодекіне қолдау көрсетіледі.
- Динамикке қатысты қандай да бір сұрақтарыңыз не мәселелеріңіз болса және олардың жауаптарын осы Көмекші нұсқаулықтан таппасаңыз, ең жақын Sony сату орталығына хабарласыңыз.

Зарядтауға қатысты ескертулер


Кірістірілген литий-ион батареясының қызмет мерзімі

- Динамикті ұзақ уақыт пайдаланғыңыз келмегеннің өзінде, оның жұмыс өнімділігін сақтау үшін кірістірілген батареяны 6 ай сайын жетерліктей зарядтап отырыңыз.
- Динамик ұзақ уақыт қолданылмаса, кірістірілген батареяны зарядтау үшін көбірек уақыт кетуі мүмкін.
- Қайта зарядталатын кірістірілген батареяның қызмет мерзімі шектеулі. Уақыт өте және кірістірілген батареяның қолданылу саны артқан сайын, қайта зарядталатын кірістірілген батареяның сыйымдылығы ақырындап азаяды. Толығымен зарядталуына қарамастан, кірістірілген батареяны қолдану уақыты айтарлықтай қысқарған болып көрінсе, ең жақын Sony сату орталығына хабарласыңыз.
- Қайта зарядталатын кірістірілген батареяның қызмет мерзімі пайдалануға, ортаға және сақтау әдісіне қарай өзгереді.

Абайлаңыз

Кірістірілген батареяны зарядтап жатқанда динамик төмендегі себептерге байланысты мәселені анықтаған кезде, CHG (зарядтау) индикаторы (сарғылт) жылдам жыпылықтайды.

- Қоршаған орта температурасы 5 °C–35 °C ауқымынан тыс.
- Кірістірілген батареяға қатысты мәселе бар.
- Кірістірілген батарея ұзақ уақыт зарядталған кезде.



Кірістірілген батареяға қатысты әдеттен тыс жағдай анықталған кезде, зарядтауды дереу тоқтатып, біраз уақыт күтіңіз, одан кейін кірістірілген батареяны қайта зарядтаңыз. Мәселе шешілмей қоса, ең жақын Sony сату орталығына хабарласыңыз.

Ескерту

- Зарядтау уақыты кірістірілген батареяны пайдалану шарттарына байланысты болады.
- Динамикті қоршаған орта температурасы 5 °C–35 °C аралығында болғанда зарядтаңыз.
- Динамик зарядтаған кезде жылиды. Бұл ақаулық емес.
- Температураның күрт өзгеруі, тікелей күн түсу, тұман, құм, шаң не механикалық соққы әсеріне ұшыратпаңыз. Сондай-ақ динамикті күн түсетін жерде тұрған автокөлікте ешқашан қалдырмаңыз.
- Пайдаланылып жатқан динамикті ол USB AT адаптерімен (сатып алуға болады) AT розеткасына жалғанып тұрғанда немесе қосылған компьютерге жалғанып тұрғанда зарядтауға болады. Мұндай жағдайда пайдалану шарттарына байланысты кірістірілген батарея ұзағырақ зарядталуы мүмкін. Сондықтан зарядтаған кезде динамикті өшіріп қойған жөн.

- Аса суық немесе ыстық жерде зарядтау қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін тоқтайды. Зарядтауға көп уақыт кетсе, динамиктің зарядталуы да тоқтайды. Осы мәселелерді шешу үшін динамиктен micro-USB кабелін ағытып, 5 °C–35 °C аралығындағы жұмыс температурасында оны қайта жалғаңыз.
- Жоғары температурада зарядталмауы немесе батарея қуатын сақтау үшін дауыс қаттылығы төмендеуі мүмкін.
- Құрылғыны ұзақ уақыт пайдаланғыңыз келмегеннің өзінде, жұмыс өнімділігін сақтау үшін батареяны 6 ай сайын толық зарядтап отырыңыз.
- Уәкілетті логотипі бар, жеке қуат көзінен қуат алатын USB хабын қолданған кезде ғана, USB хабынан зарядталуға кепілдік беріледі.
- Компьютер АТ қуат көзіне жалғанып тұрмағанда, динамикті компьютерге ұзақ уақыт жалғап қоймаңыз. Өйтпесе компьютердің батареясының заряды таусылуы мүмкін.

Су өткізбеуші және шаң өткізбеуші мүмкіндіктері туралы ескертулер

Құрылғының су өткізбеу және шаң өткізбеу өнімділігі

Мықтап бекітілген қақпағы бар құрылғы IEC60529 «Кіруден қорғау рейтингі (IP коды)»^{*3} стандартының «Суға батырудан қорғау деңгейі» бөлімінде көрсетілген IPX7^{*1} су өткізбеу сипаттамасына және «Қатты бөгде заттардан қорғау деңгейі»^{*3} бөлімінде көрсетілген IP6X^{*2} стандартының шаң өткізбеу сипаттамасына сәйкес келеді.

Су өткізбеудің сипаттамалары қолданылатын сұйықтықтар

Жарамды	тұщы су, құбыр суы, бассейн суы
Жарамды емес	сұйықтықтары (сабынды су, жуғыш құралдары мен жуыну құралдары қосылған су, сусабын, ыстық бұлақ суы, жоғарыда көрсетілгеннен өзгеше теңіз суының т.б.)

*1 IPX7 баламалылығы: Тереңдігі 1 м суға 30 минутқа абайлап батырылғанда, динамик жұмыс істеу қабілетін сақтайтыны сыналып, анықталған.

*2 IP6X баламалылығы: Диаметрі 75 мкм дейінгі шаң түйіршіктері салынған сынау құрылғысында 8 сағат араластырғаннан кейін, динамик шаң өткізбей тұратыны сыналып, анықталған.


*3 Осы құрылғының бірге берілген аксессуарлары мен коннекторлары (USB/AUDIO IN) судан немесе шаңнан қорғалмаған.

Құрылғының су өткізбеу және шаң өткізбеу өнімділігі осы жерде сипатталған жағдайлардағы өлшеулердің негізінде алынған. Тұтынушы дұрыс емес пайдалану әсерінен суға батырғаннан немесе шаң кіргеннен болған ақауларды кепілдік қамтымайтынын ескеріңіз.

Су өткізбеу және шаң өткізбеу өнімділігінің нашарлауының алдын алу

Келесіні тексеріп, құрылғыны дұрыс пайдаланыңыз.

- Құрылғыны құлатпаңыз не оған механикалық соққы тигізбеңіз. Деформация немесе зақымдану су өткізбеу және шаң өткізбеу өнімділігінің нашарлауына әкелуі мүмкін.
- Бұл құрылғының су қысымына төзімді дизайны жоқ. Душта сияқты жоғары су қысымы қолданылатын жерде құрылғыны пайдалану ақаулыққа әкелуі мүмкін.
- Құрылғыға тікелей жоғары температурадағы суды құймаңыз немесе шаш кептіргіштің не кез келген басқа құрылғының ыстық ауа соққысын бағыттамаңыз. Сондай-ақ, құрылғыны сауна немесе пешке жақын жерлер сияқты жоғары температурадағы орындарда ешқашан пайдаланбаңыз.
- Қақпақты абайлап қолданыңыз. Қақпақ су өткізбеу және шаң өткізбеу өнімділігінің сипаттамасында өте маңызды рөл атқарады. Құрылғыны пайдалану алдында қақпақ толық жабылғанын тексеріңіз. Ішіне бөгде заттар кіріп кетпеуі үшін, қақпақты жапқанда, оның ▲ белгісін жоғары қаратыңыз. Егер қақпақ толық жабылмаса, су өткізбеу және шаң өткізбеу өнімділігі нашарлап, құрылғыға су немесе шаң кіру нәтижесінен құрылғының ақаулығына әкелуі мүмкін.



Динамикке күтім жасау әдісі

Төмендегі техникалық қызмет көрсету процедурасын орындау арқылы динамикті ыңғайлырақ және ұзағырақ уақыт бойы пайдалана аласыз.

- Келесі жағдайларда динамиктің беті ластанса, кірді кетіру үшін динамикті таза сумен (ауыз су, т.б.) дереу жуыңыз. Бетінде кірді қалдыру динамиктің дұрыс жұмыс істемеуіне әкелуі мүмкін.
Мыс.
 - Бассейннің шетінде, т.б. пайдаланудан кейін динамикте құм, т.б. тұрып қалса.
 - Динамикте бөгде заттар (күннен қорғау кремі, күнге күй майы, т.б.) тұрып қалса
- Егер динамик су болып қалса, алдымен динамиктен суды шығарыңыз, содан соң динамиктегі ылғалды құрғақ, жұмсақ шүберекпен сүртіңіз.
- Ылғалды динамиктің бетінде қалдырсаңыз (әсіресе суық аймақтарда), динамик қатуы және бұзылуы мүмкін. Динамикті пайдаланудан кейін ылғалды міндетті түрде сүртіңіз.
- Динамик бөлігіне су кірген жағдайда дыбыс сапасы өзгеруі мүмкін. Ол ақаулық емес. Динамикке ішінде жиналған суды ағызу үшін динамикті бетін төмен қаратып, құрғақ, жұмсақ шүберекке қойыңыз. Содан соң динамикті бөлме температурасында қалдырып, ылғал кепкенше оны кептіріңіз.

Ескерту

- Динамиктің беті ластанса, динамикті тазалау үшін жуғыш затты, сұйылтқышты, бензинді, алкогольді, т.б. пайдаланбаңыз.

BLUETOOTH сымсыз технологиясы туралы мәлімет

BLUETOOTH сымсыз технологиясы шамамен 10 м ауқымы ішінде жұмыс істейді.

Ең үлкен байланыс ауқымы

Ең үлкен байланыс ауқымы мына жағдайларда қысқаруы мүмкін.

- Динамик пен BLUETOOTH құрылғысы арасында адам, металл немесе қабырға сияқты кедергі болғанда.
- Динамик жанында сымсыз LAN құрылғысы қолданылуда.
- Динамик жанында микротолқынды пеш қолданылуда.
- Динамик жанында электромагниттік сәуле түзетін құрылғы қолданылуда.

Басқа құрылғылардың кедергі жасауы

BLUETOOTH құрылғылары мен сымсыз LAN (IEEE802.11b/g) желілері бір жиілікті қолданатындықтан, динамик сымсыз LAN құрылғысының жанында қолданылса, микротолқынды кедергі пайда болып, байланыс жылдамдығы нашарлауы, шу пайда болуы немесе жарамсыз байланыс орнатылуы мүмкін. Мұндай жағдайда төмендегі әрекеттерді орындаңыз.

- Динамикті сымсыз LAN құрылғысынан кемінде 10 м қашықтықта қолданыңыз.
- Динамик сымсыз LAN құрылғысынан 10 м-ден жақын қашықтықта қолданылса, сымсыз LAN құрылғысын өшіріңіз.

Басқа құрылғыларға кедергі жасауы

BLUETOOTH құрылғысынан шыққан микротолқындар электрондық медициналық құрылғылардың жұмысына әсер етуі мүмкін. Динамикті және басқа BLUETOOTH құрылғыларын төмендегі жерлерде өшіріп қойыңыз, әйтпесе жазатайым оқиға орын алуы мүмкін.

- Тұтанғыш газ болған жерде, мысалы ауруханада, пойызда, ұшақта немесе жанармай құю станциясында
- Автоматты есіктер немесе өрт дабылы жанында

Ескерту

- BLUETOOTH функциясын қолдану мүмкін болуы үшін жалғанатын BLUETOOTH құрылғысында динамиктегі профиль болуы тиіс. Бірдей профиль болса да, құрылғылар сипаттамаларына қарай әр түрлі жұмыс істеуі мүмкін екенін де ескеріңіз.
- BLUETOOTH сымсыз технологиясының сипатына байланысты телефонмен сөйлесіп немесе музыка тыңдап отырғанда, динамикте ойнатылған дыбыс BLUETOOTH құрылғысында ойнатылған дыбыстан сәл кешігеді.
- BLUETOOTH сымсыз технологиясы қолданылған кезде қауіпсіз байланысты қамтамасыз ету үшін динамик BLUETOOTH стандартына сәйкес келетін қауіпсіздік мүмкіндіктерін қолдайды, алайда параметрлерге қарай қауіпсіздік жеткілікті болмауы мүмкін. BLUETOOTH сымсыз технологиясы арқылы хабарласқан кезде абай болыңыз.
- BLUETOOTH арқылы хабарласқан кезде ақпараттың жария болуына біз ешқандай түрде жауапты болмаймыз.
- BLUETOOTH функциясы бар құрылғы Bluetooth SIG, Inc. ұйымы белгілеген BLUETOOTH стандартына сәйкес болуы және расталуы тиіс. Жалғанған құрылғы жоғарыда көрсетілген BLUETOOTH стандартына сәйкес келсе де, кейбір құрылғылар мүмкіндіктері мен сипаттамаларына байланысты жұмыс жалғанбауы немесе жұмыс істемеуі мүмкін.
- Динамикке жалғанған BLUETOOTH құрылғысына, байланыс ортасына немесе пайдалану ортасына қарай шу пайда болуы немесе дыбыс үзілуі мүмкін.
- Кірістірілген радиосы немесе тюнері бар құрылғыны динамикке BLUETOOTH арқылы жалғау мүмкін емес, себебі таратылымдарда шу болуы мүмкін.

- Динамикті теледидардан, радиодан немесе тюнерден, т.б. алысырақ орналастырыңыз, себебі таратылымдарда шу болуы мүмкін.

4-748-101-81(1) Copyright 2019 Sony Corporation

Сауда белгілері

- Android, Google Play және басқа атысты белгілер мен логотиптер — Google LLC компаниясының сауда белгілері.
- BLUETOOTH® тауар белгісі және логотиптері Bluetooth SIG, Inc. компаниясы иеленетін тіркелген сауда белгілері болып табылады және оларды Sony Corporation лицензияның негізінде пайдаланады.
- iPhone, iPod touch, macOS және Siri — АҚШ-та және басқа елдерде тіркелген Apple Inc. компаниясының сауда белгілері.
- Microsoft және Windows – Microsoft Corporation компаниясының Америка Құрама Штаттарындағы және/немесе басқа да елдердегі тіркелген сауда белгілері немесе сауда белгілері.
- WALKMAN және WALKMAN логотипі – Sony Corporation тіркелген сауда белгілері.
- Wi-Fi® — Wi-Fi Alliance® ұйымының тіркелген сауда белгісі.
- Басқа сауда белгілері өздерінің тиісті иелеріне тиесілі.
- ™ және ® белгілері құжатта көрсетілмеген.

Бағдарлама бойынша ескертпелер

Лицензия бойынша ескертпелер

Бұл динамикте авторлық құқық иеленушісінің лицензиялық келісімі бойынша Sony пайдаланатын бағдарламаны қамтиды. Бағдарламаға арналған авторлық құқық иеленушісінің талаптары бойынша келісім мазмұнын тұтынушыларға хабарлауға тиіспіз.

Төмендегі URL мекенжайында сипатталған лицензия мазмұнын оқыңыз.

<http://rd1.sony.net/help/speaker/sl/19/>

Мәселені шешу үшін қандай әрекеттерді қолдануға болады?

Динамик күткендей жұмыс істемесе, мәселені шешу үшін төмендегі қадамдарды орындап көріңіз.

- Мәселенің нышандарын осы Көмекші нұсқаулықтан іздеп, тізімде берілген ақаулықты жою шараларын қолданып көріңіз.
- Динамикті зарядтау.
Кейбір мәселелер кірістірілген батареяны зарядтау арқылы шешілуі мүмкін.
- Динамиктің RESET түймесін басу.
Қосымша мәлімет алу үшін [RESET түймесін қолдану](#) бөлімін қараңыз.
- Динамиктің бастапқы параметрлерін орнату.
Осы әрекет дыбыс деңгейі, т.б. сияқты параметрлердің әдепкі зауыттық мәндерін қалпына келтіріп, барлық жұптастыру ақпаратын өшіреді.
Қосымша мәлімет алу үшін [Динамиктің бастапқы параметрлерін орнату](#) бөлімін қараңыз.
- Тұтынушыларды қолдау вебсайтынан мәселеге қатысты мәліметті іздеңіз.
- Динамик туралы қолдау мәліметін алу үшін мына қолдау беттеріне кіріңіз:
 - Солтүстік және Оңтүстік Америкадағы тұтынушылар:
<https://www.sony.com/am/support>
 - Еуропадағы тұтынушылар:
<https://www.sony.eu/support>
 - Қытайдағы тұтынушылар:
<https://service.sony.com.cn>
 - Басқа елдердегі/аймақтардағы тұтынушылар:
<https://www.sony-asia.com/support>

Жоғарыдағы әрекеттер нәтиже бермесе, ең жақын Sony сату орталығына хабарласыңыз.

Қатысты тақырып

- [RESET түймесін қолдану](#)
- [Динамиктің бастапқы параметрлерін орнату](#)

Динамикті зарядтау мүмкін емес

- USB AT адаптерін (сатып алуға болады) қолданған кезде, micro-USB кабелі динамикке және USB AT адаптеріне мықтап жалғанғанына көз жеткізіңіз. Оған қоса USB AT адаптері AT розеткасына мықтап жалғанғанына көз жеткізіңіз.
- Динамик шығыс тогы 500 мА не одан көп USB AT адаптерін (сатып алуға болады) қолдайды. Дегенмен USB стандартына сәйкес келетін бірге берілген micro-USB кабелін немесе micro-USB кабелін қолданған жөн. Басқа құрылғыдан зарядталатынына кепілдік берілмейді.
- Кірістірілген батареяны қосылған компьютерге micro-USB кабелімен жалғау арқылы да зарядтауға болады. Дегенмен барлық компьютерлермен жұмыс істейтініне кепілдік берілмейді. Сондай-ақ үйде құрастырылған компьютерлерге жалғау әрекеттері кепілдікпен қамтылмайды.

Қатысты тақырып

- [Динамикті зарядтау](#)
- [Индикаторлар туралы мәлімет](#)

Динамикті қосу мүмкін емес немесе динамик кенет өшіп қалады

- Кірістірілген батарея таусылған немесе таусылуға жақын болуы мүмкін. Динамикті USB АТ адаптерімен (сатып алуға болады) АТ көзіне жалғау немесе қосылған компьютерге жалғау арқылы динамикті зарядтаңыз.
- Қуатты автоматты түрде өшіру функциясы қосылған болуы мүмкін. Шамамен 15 минуттан кейін кейбір жағдайларда, мысалы, аудио кіріс сигналының дыбыс деңгейі төмен болғанда, қуат автоматты түрде өшеді. Пайдалану үшін жалғанған құрылғының дыбыс деңгейін көтеріңіз.

Қатысты тақырып

- [Динамикті зарядтау](#)
- [Қуатты автоматты түрде өшіру функциясы](#)

Дыбыс жоқ/дыбыс бұрмаланады/динамиктен быжылдаған дыбыс не шу естіледі/қоңырау шалушылардың дауысы естілмейді

- Динамик те, жалғанған құрылғы да қосылып тұрғанын тексеріңіз.
- Динамиктің және жалғанған құрылғының дыбыс деңгейін көтеріңіз.
- Жалғанған құрылғыдан дыбыс ойнатылып тұрғанын тексеріңіз.
- BLUETOOTH режимінде ойнатқан кезде AUDIO IN ұясынан аудио кабель ағытылғанына көз жеткізіңіз.
- AUDIO IN режимінде ойнатқан кезде AUDIO IN ұясына аудио кабель мықтап жалғанғанына көз жеткізіңіз.
- Динамик компьютерге BLUETOOTH байланысы арқылы жалғанған болса, компьютердің аудио шығыс параметрі BLUETOOTH құрылғысына орнатылғанына көз жеткізіңіз.
- Динамик BLUETOOTH құрылғысымен BLUETOOTH байланысын орнатқанын тексеріңіз.
- Динамик пен BLUETOOTH құрылғысын қайтадан жұптастырыңыз.
- Жалғанған құрылғының эквалайзер функциясы болса, оны өшіріңіз.
- Динамикті микротолқынды пештен, Wi-Fi® құрылғыларынан, т.б. аулақ ұстаңыз.
- Динамик пен BLUETOOTH құрылғысын бір-біріне жақындатыңыз. Динамик пен BLUETOOTH құрылғысының арасындағы кез келген кедергілерді алып тастаңыз.
- Динамик кірістірілген радиосы немесе тюнері бар құрылғыға BLUETOOTH байланысы арқылы жалғанып тұрған кезде, таратылымдарда шу болуы мүмкін.
- Динамикті теледидардан, радиодан немесе тюнерден, т.б. алысырақ орналастырыңыз, себебі таратылымдарда шу болуы мүмкін.
- Динамикті қосу функциясын қолданған кезде, BLUETOOTH тінтуірі не BLUETOOTH пернетақтасы сияқты кез келген басқа BLUETOOTH құрылғысы (-лары) BLUETOOTH құрылғысына жалғанса, олардың арасындағы байланысты ажыратыңыз.
- Музыка тыңдап отырған кезде, BLUETOOTH құрылғысында A2DP BLUETOOTH байланысын таңдаңыз.
- Қоңырау қабылдаған/шалған кезде, BLUETOOTH құрылғысында HFP немесе HSP BLUETOOTH байланысын таңдаңыз.
- Қоңырау қабылдаған/шалған кезде, BLUETOOTH құрылғысының шығысы динамикке орнатылғанын тексеріңіз.

Қатысты тақырып

- [BLUETOOTH® құрылғыларымен жұптастыру және оларға жалғау](#)
- [Құрылғыдағы музыканы BLUETOOTH байланысы арқылы тыңдау](#)
- [BLUETOOTH арқылы аудио ағынын ойнату сапасын \(кодек\) таңдау](#)
- [Индикаторлар туралы мәлімет](#)
- [Қоңырау қабылдау](#)
- [Қоңырау шалу](#)

Пайдаланып отырған кезде дыбыс деңгейі төмендеп кетеді

- Дыбыс деңгейі мына жағдайларда төмендеуі мүмкін. Бұл ақаулық емес.
 - Динамик қуатын тек кірістірілген батареядан алып отырғанда, кірістірілген батареяның заряды азайғанда және CHG (зарядтау) индикаторы баяу жыпылықтап тұрғанда.
 - Динамик тіпті USB AT адаптерімен (сатып алуға болады) AT розеткасына жалғанып тұрғанда немесе қосылған компьютерге жалғанып тұрғанда, динамикті ұзақ уақыт жоғары дыбыс деңгейінде тыңдау салдарынан кірістірілген батареяның заряды азайғанда.
- Пайдаланып отырған кезде дыбыс деңгейі төмендеп кетсе, төмендегі процедураны орындаңыз.
 1. Динамикті өшіріңіз.
 2. Кірістірілген батареяны жетерліктей зарядтаңыз.

Динамикті BLUETOOTH құрылғысымен жұптастыру мүмкін емес

- Динамик пен BLUETOOTH құрылғысын бір-бірінен ең көбі 1 м қашықтықта орналастырыңыз.
- Динамикті қосу функциясын қолдану үшін қуат/  (BLUETOOTH) индикаторы көгілдір түспен жыпылықтап тұрған динамикпен жұптастырыңыз.
- Қуат/  (BLUETOOTH) индикаторы көгілдір түспен жылдам жыпылықтап тұрмаса,  (қуат)/  PAIRING түймесін сигналдар естіліп, қуат/  (BLUETOOTH) индикаторы көгілдір түспен жылдам жыпылықтай бастағанша басып тұрыңыз.
- Динамиктің бастапқы параметрлері орнатылғаннан кейін, iPhone/iPod touch құрылғысы динамикке жалғанбауы мүмкін. Мұндай жағдайда iPhone/iPod touch құрылғысындағы жұптастыру ақпаратын өшіріп, оларды қайтадан жұптастырыңыз.
- BLUETOOTH құрылғысы қосылғанын және құрылғыда BLUETOOTH функциясы іске қосылғанын тексеріңіз.
- Динамик BLUETOOTH құрылғысында көрсетілмесе, құрылғының BLUETOOTH функциясын өшіріп, одан кейін BLUETOOTH функциясын қайтадан қосыңыз. Осы әрекеттер мәселені шешуге көмектесуі мүмкін.

Қатысты тақырып

- [BLUETOOTH® құрылғыларымен жұптастыру және оларға жалғау](#)
- [Индикаторлар туралы мәлімет](#)

Динамикке BLUETOOTH құрылғысын Динамикті қосу функциясымен жалғау мүмкін емес


- 2 SRS-XB12 динамикін жалғағаннан кейін, BLUETOOTH құрылғысы мен қуат/  (BLUETOOTH) индикаторы көгілдір түспен жыпылықтап тұрған динамик арасында жұптастыру процедурасын орындаңыз.

Қатысты тақырып

- [Музыканы 2 динамикпен сымсыз тыңдау \(Динамикті қосу функциясы\)](#)

RESET түймесін қолдану

Қосылғанына қарамастан динамикті басқару мүмкін болмаса, артқы жақтағы қақпақты ашып, RESET түймесін түйреуішпен немесе басқа үшкір затпен басыңыз. Динамик бастапқы қалпына келіп, автоматты түрде өшіп-қосылады.



Қалпына келтіргеннен кейін динамикті қолдана алмасаңыз, ең жақын Sony сату орталығына хабарласыңыз.


Ескерту

- Қуат өшіп тұрғанда, динамикті бастапқы қалпына келтіру мүмкін емес.
- RESET түймесі басылған кезде, жұптастыру ақпараты өшлейді. Бұл процедура динамиктің бастапқы параметрлерін орнатуға ұқсамайды.
- Динамикті бастапқы қалпына келтіргеннен кейін, дыбыс деңгейі және функция параметрлері өзгеше болуы мүмкін.
- Динамикті қалпына келтіргеннен кейін, ▲ белгісін жоғары қаратып, қақпақты толығымен жабуды ұмытпаңыз.

Динамиктің бастапқы параметрлерін орнату

Динамик қалпына келтіргеннен кейін де дұрыс жұмыс істемесе, динамиктің бастапқы параметрлерін орнату арқылы оның зауыттық әдепкі параметрлерін қалпына келтіріңіз.

Динамик қосылып тұрған кезде, – (дыбыс деңгейі) түймесін және  (қуат)/  PAIRING түймесін динамик өшкенше 5 секундтан астам бірге басып тұрыңыз.



Динамиктің бастапқы параметрлері орнатылған. Дыбыс деңгейі, т.б. сияқты параметрлердің әдепкі зауыттық мәндері қалпына келеді және барлық жұптастыру ақпараты өшіріледі.

Ескерту

- Қуат өшіп тұрғанда, динамиктің бастапқы параметрлерін орнату мүмкін емес.

Қатысты тақырып

- [RESET түймесін қолдану](#)